



БАЛАСЫН
ЖАЛҒЫЗ
БАҚҚАН
ӘКЕ

5
БЕТ



Теріскейге
көшудің
тиімді тұсы
көп

6
БЕТ



Алматының
іргесіндегі
ауыл
мектепке зәру

7
БЕТ

ЖҰМА
№32 (4084)
4.03.2022

AIQYUN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ



www.aikyn.kz
e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti



РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРЫ КЕҢЕС ӨТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің отырысын өткізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысының төрағалығымен Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысы өтті. Жиын геосаяси жағдайдың Қазақстанға тигізетін кері әсеріне төтеп беруге бағытталған қажетті шаралар топтамасын талқылаудан басталды.

Жиын барысында аталған мәселе бойынша Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Ұлттық банк

төрағасы Ғалымжан Пірматов, Президенттің экономикалық даму мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, Реформалар жөніндегі кеңестөрағасының орынбасары Сэр Сума Чакрабарти және Үкімет мүшелері баяндама жасады. Сондай-ақ «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы президиумының төрағасы Райымбек Баталов бизнес тарапының ұсыныстарын ортаға салды.



БАС ПРОКУРОРДЫ ТАНЫСТЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бас прокуратураның басшылық құрамымен бейнебайланыс арқылы кеңес өткізіп, жаңадан тағайындалған бас прокурор Берік Асыловты таныстырды.

Президент бұрынғы бас прокурор Ғизат Нұрдіәулетовке атқарған жұмысы үшін ризашылығын білдіріп, оның жаңа қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы қоғамның басты талабы заңдардың қатаң сақталуы екеніне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қазір прокуратура органдарына жүктелген ең үлкен міндет

«қантар оқиғасына» қатысты жағдайларды мұқият әрі жан-жақты тергеп-тексеру. Президент кеңесте тергеп-тексеру жұмыстары барысында заңдылықты қамтамасыз етіп, азаматтардың құқықтарын сақтау қажет екеніне назар аударды. Сонымен қатар кінәлі адамдарға қатысты жауапкершілік шараларын қабылдай отырып, расталған әрбір хабарламаға дер кезінде мән беруді, тергеу барысы жөнінде халыққа уақытылы ақпарат таратуды тапсырды.

Президенттің айтуынша, саладағы жұмысты ілгерілету үшін қоғамның қолдауына ие болатын жаңа идеялар мен әдіс-тәсілдер, жаңаша ойлайтын мамандар қажет.



ЖҰМЫСШЫНЫ ЫҒЫСТЫРҒАН АУТСОРСИНГ

II Дүниежүзілік соғыстан қатты зардап шеккен Жапония жаңа «Күншығыс елін» құруға ден қойғанда «өмір бойға жұмысқа алу» («сюсин коё») жүйесін енгізді. Бұл тәжірибе қоғамға тұрақтылық әкелді, қарапайым жапондықтарда болашаққа сенім пайда болды. Қазақстанда, керісінше жұмыс берушілер жаппай штат қысқартып, персоналды аутсорсингке көшіріп жатыр. Қаңтар оқиғасы кезінде бейбіт митингке шыққандар аутсорсинг мәселесін де көтерген еді. Оның себебі енді белгілі болды.

4
БЕТ



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Президенттер қазіргі геосаяси ахуалдың шиеленісуі жағдайындағы сауда-экономикалық байланыстардың жай-күйін егжей-тегжейлі талқылады.

Тараптар Шавкат Мирзиёевтің Қазақстанға мемлекеттік сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың маңызды екенін атап өтті.

Мемлекеттер басшылары екі ел үкіметтерінің екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттыруға, сондай-ақ жаңа сын-қатерлерді еңсеруге бағытталған алдағы іс-қимылдары жөнінде уағдаласты.



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Украина Президенті Владимир Зеленскиймен телефон арқылы сөйлесті.

Украина тарапының бастамасымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Владимир Зеленскиймен телефон арқылы сөйлесті. Тараптар Украина төңірегіндегі ахуал бойынша пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Украинадағы әскери іс-қимылдарды тоқтату және одан әрі болдырмау үшін келіссөздер барысында уағдаластыққа қол жеткізудің маңызды екенін айтты.

Мемлекеттер басшылары екі елдің гуманитарлық саладағы ынтымақтастығын одан әрі дамытуға келісті.



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары екі елдің экономикалық жағдайы мен сауда-экономикалық саладағы екіжақты ынтымақтастық жөніндегі мәселелерді талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Украина төңірегіндегі ахуалға қатысты келіссөздер барысында ортақ келісімге қол жеткізудің аса маңызды екенін атап өтті.



Z-тің АСТАРЫНДА НЕ ЖАТЫР?

Соңғы уақытта елімізде кей автомобильдердің шанағынан Z белгісі бар жапсырмаларды көріп жүрміз. Бұл әрекет қоғамда қызу талқыланып жатыр. Себебі Z белгісін Ресей әскерін қолдау амалымен байланыстырып жүрген жұрт көп. Яғни, өзге елге қатысты дүниені насихаттау жолы ретінде саналады. Ал оларға қатысты құзырлы органдар қандай шара қолданбақ? Мұндай әрекеттер ұлтаралық араздықты тудыруы мүмкін бе?

ТҮЙІМ САЛАРҒА СЕБЕП БАР МА?

Рас, осы күні Украинадағы арнайы операцияға қатысып жатқан ресейлік әскери техникаларда осындай белгі бар. Әуелде тек әскери техникаларды өзгелерден айыру мақсатында пайда болған белгі еді. Ресейдің де, Украинаның әскери техникалары тым ұқсас, белгі соқпаса, бір-бірінен айыру қиын. Басқа да болжамдар жетерлік. Мәселен, кейбір ресейліктер Z белгісінің түп-төркіні «за победу» деген сөзде жатқанын келтірген. Тағы бір бөлігі Украина президенті Владимир Зеленскийге қарата айтылғанын алға тартады.



БЕКТАУАТАҒА ҚАУІП ТӨНІП ТҰР

Қарағанды облысы Балқаш қаласы жанындағы Бектауата тауының шоқылары қазылып жатыр деген даудың басталғанына екі жыл болды. Әлі аяқталар емес...

БҰЛ ТАУ – ҚАЙ ТАУ?

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Қазақстанның киелі жерлері» жобасына енген санаулы тарихи орынның бірі. «Ерекше қорғалатын табиғи мұра ескерткіштері» санатына еніп, мемлекеттік қорғауға алынғаны тағы бар. Бектауата табиғаты – аса ерекше, колоритті мекен. Бұл тау Қазақстанда орналасқанымен, аты алыс-жақын шетелге мәлім. Туристерге ғана емес, ем мен шипа іздеген талай жұртқа жақсы таныс. Жергілікті халық бұл тауды кие тұтады. Ықылым заманнан бері қазақ халқы мұнда ауруына шипа тілеп, дұға жасап, түнеуге келген.

РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ЖОҒАРЫ КЕҢЕС ӨТТІ

(Басы 1-бетте)

Президенттің айтуынша, Үкімет құрған Дағдарысқа қарсы шараларды үйлестірудің жедел штабы Ресейге салынған санкциялардың Қазақстанның экономикалық салаларына тигізетін әсерін жан-жақты талдауға, жағдайдың қалай өрбитініне қарап шара қабылдауға, сондай-ақ алдағы іс-қимылдардың бірінші жоспарын жасауға тиіс. Мемлекет басшысы Үкіметті бұл бағытта шұғыл әрекет етуге және бизнес қоғамдастықпен тығыз байланыста жұмыс істеуге шақырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев экономикалық талдау негізінде кәсіпорындарды, қажет болған жағдайда халықтың жекелеген топтарын қолдау шараларының топтамасын дайындауды тапсырды. Сондай-ақ биылғы республикалық бюджет қайта қаралды.

Жоғарғы Кеңестің негізгі отырысы аясында үш мәселе қарасты-



рылды. Олар: мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін күшейту, инвестициялық саясатты жетілдіру, «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамын реформалау.

Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін күшейту жөніндегі бірінші мәселе бойынша Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров баяндама жасады. Оның айтуынша,

бюджетке түсетін қосымша кірістерді қамтамасыз ету мақсатымен қатты пайдалы қазбалардың үш түріне салынатын пайдалы қазбалар өндірісі салығының көпшерлемесін

орташа есеппен 1,3 есе өсіру ұсынылады. Бұл бюджетке түсетін кірісті 300 миллиард теңгеге арттыруға мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев баяндама қорытындысы бойынша Үкіметке, инвесторлық қоғамдастықпен бірлесіп, халықаралық салық және трансферттік баға белгілеу мәселелерін мұқият пысықтауды тапсырды.

«Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамын реформалау барысы жөнінде басқарма төрағасы Алма-садам Сәтқалиев есеп берді. Ол сатып алу үдерісінің ашықтығын қамтамасыз ету, мұнай, газ өңдеу, көмір және электр қуатын өндіру мен олардың маркетингі нарығының қатысушылары үшін кедергілерді жою сияқты бағдарламаның негізгі басымдықтарын атап өтті. Сонымен бірге кадрлық саясат қайта қаралып, басқару персоналы онтайландырылған. «ҚазМұнай-

Газ» АҚ, «Эйр Астана» АҚ, KEGOC АҚ, QazaqGaz АҚ сияқты компаниялар IPO-ға шығарылады. Соның арқасында «Самұрық-Қазына» Ұлттық қорға 500 миллиард теңгеге бөле алады. Бағдарлама бойынша 8 миллиард АҚШ долларынан астам сапалы инвестиция тарту, жалпы құны 4 триллион теңгеге жанадан 24 өндіріс орнын ашу және 5 000 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген. Әрбір портфельдік компания үшін қызметтің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірленіп, жеткізу бағдарлары онтайландырылады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылданады. Мысалы, қор кәсіпорындарына электр қуатын жеткізу үдерісіне қатысатын 44 дедалалмен арадағы шартты бұзу жоспарланып отыр. Осы шаралардан кейін экономикалық тиімділік биылдың өзінде 2 миллиард теңгеден асады.

Сенат Бас прокурорды тағайындауға келісім берді



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда сенаторлар ел Президентінің Қазақстанның Бас прокуроры қызметіне Берік Асыллов тағайындауына келісім берді. Мемлекет басшысының ұсынуын Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасары Ержан Жиенбаев жариялады.

Сонымен қатар отырыста депутаттар арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілерді әлеуметтік қорғау және олардың әскери қызметті өткеруге қатысты кейбір мәселелерін реттейтін заң жобасын қарады.

Бұл құжат тұрғын үй төлемдерінің тәртібін жетілдіруді және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілерді, ал олар қаза тапқан жағдайда — олардың отбасы мүшелерін тұрғынжаймен қамтамасыз етуді көздейді. Жаңа нормаларға сәйкес, енді мүгедектігі бар бала асырап отырған, оның ішінде отбасында жасына қарамастан бала күнінен мүгедектігі бар адамдар бар арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілерге өздері тұрып жатқан қызметтік баспананы өтеусіз алу құқығы беріледі. Осы заң жобасын қабылдау арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілерді, олар қаза тапқан жағдайда — олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қорғауды жақсартуға жол ашады.

Сонымен қатар заң жобасында қызметтік әдептен айнымау, әскери мұлікті сақтау және тағы басқа бағыттар бойынша әскери қызметшінің міндеттері толықтырылған. Заң жобасы арқылы азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеуді айқындау тәртібі Үкіметке жүктеледі. Осы және басқа да нормалар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында жазылған.

«Әскери қызметшілердің және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұмыстары аса жауапты екені белгілі. Сол себепті оларды және олардың отбасы мүшелерін құқықтық, материалдық және әлеуметтік қорғау — мемлекеттің маңызды міндеттерінің

бірі. Сондықтан қаралған заң жобасы әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары саласындағы құқықтарын қосымша реттеуді көздейді. Сондай-ақ әскери және арнаулы мемлекеттік органдар қызметінің өткеру тәртібін жетілдіру мәселелері де қамтылған», — деді Мәулен Әшімбаев.

Заң жобасын қарау барысында сенаторлар ұсынылған өзгерістерді қолдады. Сондай-ақ құжатқа әскери қызметшілердің құқықтарын реттеу мәселелеріне қатысты кешенді тәсілдерді қамтамасыз етуге арналған бірқатар түзету енгізілді. Соған байланысты заң жобасын Мәжіліске қайтару туралы шешім қабылданды.

Отырыс кезінде сенаторлар өздерінің депутаттық сауалдарын да жолдады.

Бейбіт Исабаев жұмыссыздық мәселесін тиімді шешу үшін елімізде қалыптасқан еңбек нарығына терең әрі жан-жақты талдау жүргізуді ұсынды.

Мұрат Бактиярұлы азаматтық жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралардың құрамы мен құрылымын онтайландыру және халықаралық тәжірибені зерделей отырып, осындай әскери даярлық жүйесін жетілдіру мәселесін көтерді.

Ләззат Сүлеймен «Дипломмен — ауылға!» бағдарламасын іске асыру тетіктерін қайта қарауды және оның аясын кеңейтуді ескере отырып, жобаны әрі қарай жетілдірудің маңызды екенін айтты.

Нұрғола Жүсіп 2023 жылы Бейбарыс сұлтанның туғанына 800 жыл толатынына назар аударып, бұл мерейтойды халықаралық деңгейде атап өту үшін бюджеттен қаржы бөлу мәселесіне тоқталып өтті.

Бекболат Орынбеков Жамбыл облысында аймақтағы су тапшылығын азайтып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін 3 жаңа су қоймасын салу жобаларын қаржыландыру мәселесін сөз етті.

Ж. НҰРЛАН

Жаңа ратификациялық заң жобаларын мақұлдады

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен жалпы отырыста депутаттар бірқатар жаңа ратификациялық заң жобаларын мақұлдады.

Ратификацияланған құжаттардың қатарында «Толық емес жұмыс уақыты жағдайларындағы жұмыс туралы конвенцияны ратификациялау туралы (175-конвенция)» заң жобасы бар.

Заң жобасы туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Серік Шәпкенов баяндап, құжат 2019 жылғы 18 қазанда Қазақстанның халықаралық шарттар мәселелері жөніндегі ведомстваралық комиссияның 40-шы отырысында қолдау тапқанын атап өтті.

Атап айтқанда, ұжымдық келіссөздерді жүргізу құқығы және еңбекшілердің өкілдері ретінде қызмет ету құқығы; қауіпсіздік және еңбек гигиенасы; еңбек және жұмыспен қамту саласында кемсітушілікке жол бермеу; ананы қорғау; еңбек қатынастарын тоқтату құқығы; жыл сайынғы ақылы демалыс немесе ақылы мерекелер күндері; ауруы бойынша демалыс бар.

Осы конвенцияны ратификациялау еңбек қатынастары саласында халықаралық стандарттарды одан әрі енгізуді қамтамасыз етеді.



Отырыста депутаттар «Дербес деректер алмасу саласындағы өкімшілік мәселелер бойынша өзара құқықтық көмек туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын мақұлдады.

Келісім жобасының мақсаты Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде азаматтығының болуы, көші-қон есебіне қою, визалар беру, жеке басты куәландыратын құжаттар туралы дербес деректермен алмасу саласындағы өкімшілік мәселелер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету жөніндегі ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін жасау болып табылады.

Құжат Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің құқық қорғау органдарының жеке тұлғалардың дербес деректері туралы ақпарат беру

мәселелері жөніндегі сұрау салуларын қарау және шешу процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған.

Сонымен қатар Палата комитеті мүдделілігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелеріне қатысты түзетулер енгізуге бағытталған заң жобасын қолға алды.

Жалпы отырыста Мәжіліс Парламент Мәжілісінің депутаты Дариға Назарбаеваның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы қаулы қабылдады. Сондай-ақ жалпы отырыста жаңадан сайланған Парламент Мәжілісінің депутаты Саясат Нұрбек ант беріп, Палатаның Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің құрамына сайланды.

Г. БЕК

«АМАНАТ»: алда атқарылатын басым бағыттар

Парламент Мәжілісінде Спикер Ерлан Қошановтың төрағалығымен «Аманат» партиясының фракциясының отырысы өтті. Онда саяси ұйымның 2022 жылғы 1 наурызда өткен кезектен тыс XXII съезінде ел Президенті, партия Төрағасы Қ. Тоқаев алға қойған жаңа міндеттерді жүзеге асыру мәселелері қаралды.

Ерлан Қошанов съездің тарихи мәніне тоқталып, «Аманат» партиясы қызметін трансформациялау аясында депутаттардың жұмысын жандандырудың маңызын атап өтті. Негізгі мақсат — қоғам сұранысына дер кезінде жауап беру және азаматтардың нақты мәселелерін шешу. Нәтижесінде, ол жаңа саяси жағдайда сайлаушылардың «Аманат» партиясына деген сенімін арттыруға септігін тигізеді.

Депутаттар жұмысындағы жаңа тәсілдерді талқылай келе, Мәжіліс Спикері халықтың нақты проблемаларын шешу үшін Үкіметпен бірлесе жұмыс атқарудың маңыздылығын айтты. Депутаттарға бұл іске Үкіметтен бір вице-премьердің бекітілгені жөнінде ақпарат берілді. Ол депутаттардың сауалдарында көтерілген мәселелерді шешу бойынша жүйелі түрде жұмыс істейтін болады.

Сонымен қатар фракция басшысы депутаттарды халықты толғандыратын мәселелер бойынша сайлаушылармен



кері байланыс орнату үшін әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктерін белсенді пайдалануға шақырды. Әсіресе, жұмыс барысында әлеуметтік зерттеулерді кеңінен пайдалану, аса маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселелер, соның ішінде азаматтардың шағымдары бойынша өзекті статистикалық деректерді алу үшін Үкіметтің Цифрлық кеңсесімен өзара іс-қимылды күшейту, партияның сайлауалды үдерісін орындау үшін Жол картасының іске асырылуын депутаттық бақылауға алу.

Сондай-ақ фракция отырысында депутаттар өңірлердегі халықтың нақты мәселелеріне шұғыл жауап беру жолдарын қарастырып, жастарды қолдауға бағытталған бірқатар маңызды жобаны талқылады.

Отырыс барысында Мәжіліс комитеттері жанынан қоғамда, соның ішінде жаңа медиада көтеріліп жатқан өзекті мәселелер бойынша тұрақты жұмыс істейтін сарапшылар алаңдарын құру туралы шешім қабылданды. Барлық кездесулер онлайн режимде өтіп, сарапшылар мен БАҚ өкілдері осы диалог алаңдарының тұрақты қатысушыларына айналуы керек.

Фракция отырысында вице-спикер, фракция басшысының орынбасары П. Казанцев, депутаттар С. Нұрбек, Е. Жанбыршин, Е. Смыльяева, Ю. Кучинская, Е. Бисембаев, Е. Сайыров сөз сөйледі. Баяндамашылар партия басшылығы жүктеген міндеттерге сәйкес фракция депутаттарының жұмысын жандандыру жайлы ой-пікірлерімен бөлісті.

НҰРЛАН ОРАЗҒАЛИЕВ

3,8 млрд теңге залал келтірді

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Самұрық-Энерго» және «Қазақстан Темір Жолы» ҰҚ басшылығына қатысты жеке компаниялардан пайда алу мақсатында қызметтік өкілеттіктерін теріс пайдалану фактісі бойынша тергеу жүргізіп жатыр.

Мемлекетке аса ірі мөлшерде 3,8 млрд теңге сомасында залал келтірілді. Өзге ақпарат тергеу мүддесінде жария етуге жатпайды.



Жүйелі түрде пара алған

Алматы облысының көліктік бақылау инспекциясы қызметкерлері өткен жылдан бері жүргізушілерден пара алып келген. Алматы облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстық департаменті және Талдықорған көлік прокуратурасымен бірлесіп олардың заңсыз қызметінің жолын кесті.

Бірлескен операция барысында көліктік бақылау инспекциясының үш қызметкері қолға түсті. Олар Талдықорған қаласы Полиция басқармасының уақытша ұстау изоляторына қамалды. Баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Инспекцияның бөлім басшысы мен оның екі қызметкері 2021 жылдың басынан бастап 2022 жылдың ақпанына дейінгі кезеңде кәсіпкерлерден автомобиль жолдарында кедергісіз жүріп өткені және оларды өкімшілік жауапкершілікке



тартпағаны үшін жүйелі негізде 50 мыңнан 280 мың теңге аралығында пара алып отырған». Тергеу жалғасуда.

Н. ҚОСАЙ

Аманжол Әлтай Мәжіліс депутаты болады

Бүгін Саяси кеңес бюросының қаулысымен «AMANAT» партиясынан Парламент Мәжілісі депутатының бос мандатын партиялық тізім бойынша Аманжол Әлтайға беру туралы шешім қабылданды. Тиісті шешім Орталық сайлау комиссиясына жіберілді. Бұл туралы «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Асхат Оралов Facebook-тағы парақшасында жазды.



«Аманжол Әлтайды көптен бері танимын. Тек елге танымал айтыскер ақын ғана емес, халық мүддесі үшін әркез саликалы сөз айтып жүрген азамат ретінде де жақсы білемін. Әрқашан елдің жанынан табылып, қиын кезде де партиямен бірге бола білген, ізін басып келе жатқан жастарға ісімен де, сөзімен де үлгі болып жүрген тұлға. Алда әлі талай максаттар тұр. Ортақ мүдде үшін нәтижелі жұмыс істейміз деп сенемін», — деп жазды ол.

Атымен бірге заты да өзгереді



Дархан МЫНЦБАЙ,
Мәжіліс депутаты:

— Ребрендинг — тек маңдайшадағы жазуды ауыстыру емес. Қоғамдық санадағы өзгеріс өміріміздің барлық саласын камтуы — заңдылық. Бұл орайда партия да назардан шет қалмайды. Ал партияның жаңа атауы «Amanat» зор жауапкершілік пен міндеттер жүктейді. Дінде жанның өзі тіршілік иесіне аманат деп жатады. Мемлекеттік көзқарас тұрғысынан алып қарасаныз да бұл атау зор жауапкершілік жүктейді.

Біле білгенге аманаттың жүгі ауыр. Сол үлкен шығу үшін «Nur Otan»-ның озық үлгісін алуымыз керек. 23 жыл ішінде «Nur Otan» да ел дамуына елеулі үлес қосты. Қазір «Amanat» партиясының тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Сөз жоқ, бұл тұжырымдамада «Nur Otan»-ның озық тәжірибелері ескерілуі керек. Жақсы партия бәсекелестік ортада көрінеді. Халықтың мүддесін көздеп, мәселесін шешуді мақсат еткен партия өзгелерден оқ бойы озық тұрады.

Бір сөзбен айтқанда, партияның атымен бірге затының да өзгергені маңызды. Саяси құрылымның жоспары мен бағдары айқын болғанда ғана ол халықтың зор сеніміне ие бола алады.

Халыққа жақын болған жөн

1 наурызда өткен «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXII съезінде қоғамдық ұйым алдына жаңа міндеттер қойылып, партия жұмысын модернизациялау мәселесі талқыланды. Жиында айтылған жаңашылдықтар өңірлерде қолдау тауып, облыстық филиалдар жұмысты жаңаша ұйымдастыруға дайын екенін көрсетті. Осы тұрғыда «Amanat» партиясының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әсем Рахметованы әңгімеге тарқатқандық.

— Әсем Қалашбайқызы, облыстық филиалдың тізгінін қолыңызға алғалы үш жылға жуық уақыт өтіпті. Осы кезеңде партия қандай жобаларды жүзеге асыра алды?

— Өзгерістер кезеңінде өмір сүру қиын деген түйсінік қалыптасқан. Соңғы кезде оқиғалар, тіпті жылдам өзгертіні болды. Көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан аумалы-төкпелі заманда тез шешім қабылдап, жедел әрекет ету керек. Осы ретте партия жұмысы тәжірибе жинақтауға септігін тигізді деп зор сеніммен айта аламын. Геосаясатта, мемлекеттік құрылымдарда да, тіпті әр адамның бойында айтарлықтай өзгерістер болып жатыр. Дегенмен менің аңғарғаным — Елбасы негізін қалаған «Nur Otan» партиясының жобалары әлі де өз өміршеңдігін жойған жоқ. «Ардагерлерді ардақтайық», «Бақытты отбасы», «Кедергісіз келешек», «Халыққа көмек», «Жастар — Отанға», «Ұлттық мұра» деген сияқты партиялық жобалардың өңірдің және желкеленген заматтардың әлеуметтік өмірінде алатын орны зор. Бұл жобалардың арқасында тұрғындардың әртүрлі санатына жататын топтарға елеулі көмек көрсетілді. Әсіресе, аға буынмен тығыз байланыс орнатылған. Олардың өмірлік бай тәжірибесінің партия жұмысына пайдасы зор. Ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тауып келеді. Қарттар күні, Ұлы Жеңіс күні сияқты мерекелерде ғана емес, кез келген уақытта алдыңғы толқын — ағалармен қарым-қатынасымыз бір үзілген емес. «Кедергісіз келешек» жобасын жүзеге асырудың нәтижесінде өңірдегі көптеген

ғимараттардың қолжетімді бола түскені үшін мүгедектердің алғысын арқалағанымызды мақтанышпен айта аламыз. Бұл ретте осы жобамен айналысқан қызметкеріміз сарапшы деңгейіне көтерілгені соншалық, әлеуметтік қорғау саласының қызметкерлері ақыл-кеңес сұрайтын болды. Облыстық филиал жанынан құрылған қоғамдық-партиялық мониторинг тобының мүшелері әлеуметтік маңызды нысандардың қолжетімділігін бағалау жұмысын ұдайы жүргізіп, анықталған кемшіліктерді жоюға ұсыныс жасайды.

Инклюзиялық білім беруге қатысты түйткілдерді шешуге де партия филиалы атсалысты. Облыс орталығындағы №8, №21 және №23 орта мектептерде үш жыл бойы жұмыс істеп келген инклюзияны қолдау кабинеттерін әдістемелік демеуді қаржыландыру мәселесі партия филиалының қатысуымен оң шешімін тапты.

«Ұлттық мұра» жобасы аясында да руханият саласында атқарылған шаруа бір төбе. Жергілікті ақын-жазушылардың шығармалар жинақтарының жарық көруі, мектептерге есімдері берілген Алаш арыстарының ескерткіш мүсіндерінің орнатылуы, елді мекен атауларын қазақшалау, Ұлттық домбыра күнін, басқа да ұлттық мерекелерді ұлықтау секілді шаралар күн тәртібінен түскен емес.

— Партия әйелдер қауымына қаншалықты қолдау көрсетіп, қызмет жасауына мүмкіндік беріп отыр?

— Соңғы сайлауда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес парламенттік тәжірибемізде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілгені белгілі. Бұл тапсырма жергілікті жерлерде де тиісті деңгейде орындалды. Бүгінде өңірдегі барлық деңгейдегі мәслихаттардағы депутаттардың 34 пайызы — әйелдер. Бұған дейінгі шақырылымда олардың үлесі 2-ақ пайыз болатын. 5 келіншек аудандық мәслихаттардың хатшысы болып қызмет атқарып жатыр. Сондай-ақ партия жанындағы қоғамдық кеңестер мүшелерінің жартысына жуығы — нәзік жандар. Облыс бойынша партияның 17 филиалы болса, соның жетеуін нәзік жандар басқарады.

Өзгеріс болашақ үшін қажет



Сәлімжан НАХПАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

— «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXII съезі жаңалыққа толы болды. Әуелі партияның Саяси кеңес құрамы жана мүшелермен толықты. Сондай-ақ партияның Атқарушы хатшысы саяси құрылымды модернизациялау бойынша жеті пункттен тұратын бағдарламаны таныстырды. Ал Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов партияны ребрендинг жасау үшін оны «AMANAT» деп атауды ұсынды. Президент, партия Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев та партияның жаңа атауын қабылдады.

Партия Төрағасы партияның саяси жұмысын жаңа форматта қайта құруды ұсынды. Расында «қантар оқиғасы» еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік өмірінде өзгерістер керек екендігіне көз жетті. Бұл — халықтың талабы.

Жақында ғана депутаттар облыс, аудан, ауылдарды аралап, тұрғындармен кездесіп келдік. Халықтың Президентке деген сенімі жоғары, Үкіметке берілген тапсырмалардың орындалуына үлкен үміт күтеді.

Осынау шақта партияның да атауын өзгертіп, өз қызметін жаңа серпінмен жалғастырғаны — заңды құбылыс. Партияның аты мен бірге затын да өзгерту мәселесі күнтіртібінде тұр. Елдің болашағы үшін, ұрпақ үшін бұл өзгеріс бізге ауадай қажет. Қалай десек те, «Жаңа Қазақстан» құруда «Amanat» партиясы алдыңғы қатардан көрінеді деп білемін.

Уәденің үдесінен шыға білген ұтады



Мәлік КҰЛШПАР,
Мәжіліс депутаты:

— Партияның кезектен тыс XXII съезінде ұсынылған жаңғырту бағдарламасын түсіністікпен қабылдадым. Президент, партия Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей заман, қоғам, адам өзгеріп жатқанда, партияның өзгеруі — заңдылық. Рас, «Nur Otan» партиясы құрылған 23 жыл ішінде бірнеше рет жаңғырту туралы мәлімдеді. Алайда бұрынғы басқару жүйесі сол күйінде қалып, тек ішінара өзгерістер жасалып отырды. Жергілікті филиалдар үшін Орталық аппаратқа уақытында есеп беру басты көрсеткішке айналып кеткені жасырын емес.

Бұл орайда партияны жаңғырту бағдарламасында бастауыш партия ұйымдарын нығайту, олардың жұмыстарына баса назар аударылғаны қуантты. Бастауыш партия ұйымдарын ірілендіру арқылы оларға жиналған партия жарналарының 20 пайызын кері қайтару тәжірибесі де өзін-өзі ақтайды деп ойлаймын. Ірілендіруді округтік партия ұйымдарына біріктіруден бастау да саяси ұйым жұмысын ширата түсетіні анық.

Оған қоса партиялық тізіммен сайланған депутаттар сайлаушылармен байланысын үзіп алған сияқты. Мәселен, кейбір аймақтарда аудандық мәслихат депутаттарының жартысынан көбі аудан орталығында тұрады. Ал облыстық мәслихат депутаттарының үштен бірінен астамы облыс орталықтарының тұрғыны. Осыдан-ақ олардың сайлаушылармен кері байланыс орнату тұрғысынан ақсап тұрғаны аңғару қиын емес.

Партия атауын өзгерту де, халықпен кездесулер де көп көтерілді. Мен осыдан 23 жыл бұрын Алматы қаласында өткізілген «Отан» партиясының алғашқы құрылтайына Батыс Қазақстан облысынан

делегат ретінде қатысқан едім. Содан бергі аралықта партия әуелі «Отан», одан кейін «Нұр Отан» болып атауын өзертті. «Amanat» атауы алған партиямыз халқымыздың аманатын арқалайтын саяси күш боларына сенемін.

Жалпы, сайлаушылардың партияға көзқарасы жаман емес. Бұл орайда партиялық тізіммен Мәжіліске, барлық деңгейдегі мәслихаттарға депутат болып сайланған әріптестерім партияның сайлаудағы бағдарламасында берілген уәденің үдесінен шығуға барын салған жөн. Сонда ғана біздің партия нақты істердің партиясына айнала алады.

Халықтың аманатын арқалады



Талғат ДАРГУЖИЕВ,
«Amanat» партиясы БҚО Сырым аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары:

— Осыдан бір айдан астам уақыт бұрын партияның Төрағасы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев саяси ұйымды жаңғыртуға қатысты тапсырма берген болатын. Осыған орай партияның жұмысын жаңадандыру үшін жергілікті жерлердегі бастауыш ұйымдарынан, басқа да өңірлік құрылымдарынан тың талап-тілектер мен соны ұсыныстар сұратты. Саяси ұйымның ел ішіндегі тірегі, партиялық құрылымның өзегі болып саналатын бастауыш ұйымдар, әлбетте бұл шаралар тың қалмады, біз де өз үлесімізді қостық. Қазір біздің бастауыш ұйымның 1 300 мүшесі бар. Бұл ұсыныстардың бәрі жүйеленіп, партияның 1 наурызда өткен кезектен тыс XXII съезінде көрініс тапқанын көрдіміздер.

Жылдар жылжып, заман өзгереді, адам өзгереді. Партия уақыт талабына ілесіп, жаңаша сарында жұмыс істеуі тиіс. Бастауыш ұйымдардан бастап партияның бүкіл құрылымы өзгеруі қажет, сонда ғана нақты нәтижеге қол жеткізе аламыз.

Мемлекет бар жерде саяси партиялар да болады, ол — заңдылық. Сондықтан әлдебіреулердің партияны тарату керек деген сөздері қисынсыз. Тек енді жанарып, жасарған партияның жұмысы халықтың мүддесін қаншалықты қанағаттандыра алады, сапалық жағынан қаншалықты өзгертсе — бар гәп сонда.

Партия халқымыз үшін киелі «Amanat» атауын алып, халықтың аманатын арқалайтынын көрсетті. Оған біздің сеніміміз де, өз тарапымыздан қосар үлесіміз де зор.

Жастарға артылған үміт үлкен



Еркебұлан АҚБОЛАТОВ,
«Jas Otan» ЖК Алматы облыстық филиалының төрағасы:

— Партияның кезектен тыс XXII съезінде жиналықтар мен жасшылықтар көп болды, соның ішінде жастар қауымы үшін оның атауының «Amanat» болып өзгеруі ерекше әсер етті деуіміз керек. Жастар мұны бізге ата-бабамыздан берілген аманат ретінде қабылдады. Сол себепті еліміздің төуелсіздігін нығайтып, өркеніет көшіндегі дамыған мемлекеттер қатарына қосуға міндетті екенімізді түсіндік.

Бұған дейін Мемлекет басшысы, партия Төрағасы К.Тоқаев қоғамда жастармен жұмыс істеу жағы біршама ақсап жатқанын айтты. Біз бұл сынды жіті қабылдап, Отанмыздың болашағы болатын, елдің ертеңгі иесіне айналатын жас қауымның жағдайын жақсартуға барынша күш саламыз деп тас-түйін бекіндік. Бұл бағыттардағы жұмыстарды қазірдің өзінде қызу бастап кетті.



біреуіне қолдау көрсетуден бас тартуға тура келетінін жасырмаймын. Жалпы, өңірдегі қоғамдық көлікке, азық-түлік бағасына, жемшоп, көмір, мұнай-газға қатысты кез келген әлеуметтік-экономикалық мәселенің қайсысы болсын, партияның назарынан тыс қалған емес. Соның нәтижесі болар, солтүстікқазақстандықтар арасында партия туралы біршама жақсы пікір қалыптасқан.

— Съезде партияны модернизациялау туралы сөз қозғалып, жеті басымдық белгіленді. Партия жұмысы қандай бағытқа құрылғанын қалайсыз?

— Партияның халыққа неғұрлым жақын болғаны дұрыс деп санаймын. Бұл орайда халықпен кері байланыс жасау құралдарының тиімділігін арттыру басымдығы белгіленді. Өте құптарлық жайт. Әріптестеріміздің пікірінен түйгенім — бұған дейінгі бюрократиялық кедергілер жойылып, қажеті жоқ қаптаған есеп беру қысқартылғаны жөн. «Jas Otan» Жастар қанатының жұмысын жетілдіру басымдығының әсіресе біздің өңір үшін маңызы зор. Көршілес Ресейге оқуға не жұмысқа кетіп жатқан кейінгі толқын өкілдері тым көп. Басқа аймақтарда тұрғындар санының 30 пайызын жастар құраса, біздің өңірде 18 пайыз ғана. Соңғы бес жылдың ішінде солтүстіктегі жастар саны 8 500-ден астам адамға азайған. 2017 жылы облыста 107 500-дей жас болса, қазір олардың саны жүз мыңға да жетпейді. Сондықтан «Jas Otan» Жастар қанатының алдында тұрған міндет зор.

Жалпы, партияның атқарушы хатшысы атап өткеніндей, «Amanat» — қоғамдағы әлеуметтік әділдікті жақтайтын, барша азаматтарға тең мүмкіндік беруді қолдайтын партия. Біз бір-біріне қолдау білдіретін, мықтылары әлсіздерге жәрдем беретін, әлеуметтік әлсіз топтардың мүддесін қорғайтын қоғам құруға ұмтыламыз. Партияның аты ғана емес, заты да өзгереді деген сенімдемін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

Сұхбаттасқан
Роза ШӘКЕН,
Солтүстік Қазақстан облысы

БАЛАСЫН ЖАЛҒЫЗ БАҚҚАН ӘКЕ

«Әкелер алимент төлей ме?» деп жүргенімізде, кейбір көріктілерден бөріктілер озып кетті. Бүгінде жалғызбасты әкенің саны 90 мыңға таяды. Көрсеткіштің артуына не себеп? Өз баласын күйеуіне тастап, қара басының қамын ойлап кеткен аналар жауапкершіліктен неге қашады? Тағдырынан таяқ жеген әкелердің мұң-мұқтажына үңілдік.

Наи́ма НҰРӘЛІ

АНАЛАРҒА ӘСЕР ЕТКЕН ЖОҚТЫҚ ПА?

«Әкелер олағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Максұтбек Аймағамбетовтің айтуынша, 10 жыл бұрынғы халық санағы қорытындысы бойынша Қазақстанда 70 мыңнан астам жалғызбасты әке болған. Халық санының өскені мен жаңадан үйленгендер арасында ажырасу көбейгенін ескерсек, қазір олардың қатары 80-90 мыңға жеткен. Бірден айту керек, елімізде жалғызбасты әкелердің статистикасы мүлдем жүргізілмейді. Тек ажырасулар санының есебі жүргізіледі. Осыны ескерсек, жалғызбасты әкелердің саны біз ойлағаннан әлдеқайда көп болуы мүмкін.

«Сот көбіне балаларды анасымен қалдырады. Бірақ қоғамда көбіне әйелдердің үнін естіміз де, ерлердің жанайқайына назар аудармаймыз. Себебі ер адамдар өзгеге өз мәселесін ашып айтқысы келмейді. Баласы ауыратын, көмекке мұқтаждары да бар. Содан соң 2-3 баласын тастап, түнде жұмыс істейтіндері немесе мүлде жұмыс таба алмай жүргендері жетерлік. Заң жалғызбасты әйел адамға да, ер адамға да бірдей. Бірақ көбіне мемлекет жалғызбасты анаға көмектескісі келеді. Мысалы, әйел ипотекасы деген бар. Ерлерге неге бермеске?!», — дейді қоғам белсендісі.

Иә, жалғызбасты әкелер қоғамнан қолдау күтеді. Соның бірі елорда тұрғыны Алексей Доненконы әйелі 5 баласымен тастап кеткен. Өзі электрік болып жұмыс істейді. Былтырдан бері мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек алады. Кенжесі мүгедектігі бойынша №13 қалаық емханада есепте тұр, тездетіп ота жасату керек.

«Интернетте пікір қалдырғаннан кейін ғана баламды емханаға қабылдады. Оның өзінде тісін жүл-

дыру үшін. Кіші баламды ота жасауға жаза алмай отырмын. Емханадағылар тіркеуге қойып, операцияны желтоқсан айында істеуі керек болған. Бірақ әлі жасалмады. Қызым түнімен ұйықтамайды. Ауырғанын басытын дәрімен ғана отырмыз. Оның өзін күнде қолдана берген зиян. Катты тағамдар жей алмайды. Баспана мәселесі де қиын болып тұр. Мен түске дейін жұмыстамын. Түстен кейін үлкен қызым сабаққа барады. Қалған балалардың қасында отыру үшін үйге келемін. Мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек аламыз. Сол үлкен көмек. Ал айлығым 60 мың теңгеден сәл ғана асады», — дейді Алексей Доненко.

Қантау қаласының тумасы, жалғызбасты әке Рысмахан Айтбаев жайлы айтылып та, жазылып та жүр. Дегенмен жұмыссыз жүргеніне 4 жылдан асқан. Жұмыссыз ретінде тіркелгенмен, екі қолға бір күрек таба алмай келеді. Өйткені жалғызбасты әкенің денсаулығы ауыр жұмысқа жарамайды әрі баласына қараптын адам керек. Осыдан 11 жыл бұрын елордаға жұмыс іздеп келген ол қазір осында тұрақтап қалған. Қызымен бірге астанадағы жатақхана-лардың бірінде аядай ғана бөлмені жалдап тұрады. Алты жасар қызы Инжузі өз бағып отыр. Қызы Инжузі зәлмәтші сал ауруына шалдыққан.

«Менің жағдайыммен таныс шығарсыздар. Бірнеше рет теларналарға шықтым. Бәрі көмектесеміз деп шақырады, аяғында көмек болмайды. Өзім ешкімге қол жайғым келмейді. 4 жыл бұрын қайырымды жандар көмектескен. Содан бері бір адамнан көмек сұрағым келмеді, ешкімге масыл болмасам екен. Мемлекеттен қызыма жәрдемақы беріледі. Мүгедектік үшін 50 мың теңге және асыраушысы ретінде маған 50 мың теңге береді. 100 мың теңге жәрдемақы алып отырмын. Оның 20 мың теңгесін жатақханаға төлеймін», — деді ол.

Одан артылғанын қызының еміне, үйірмелерге, азық-түлік пен

кіім-кешекке жұмсайды екен. Ай сайын Инжуге жана киім алып бермесе, көңілі құлазтынын жеткізді. Қызына 2 ай толғанда ажырасыпты, 1 жасында денсаулығында кінәрат барын біледі. Бірге боламыз деп серттескен әйелі ішімдікке салынып, отбасын тастап кеткен. 6 жылдан бері анасы қызын іздеп келмейті.

«Вокзал, құрылыс нысанында түнеген кездеріміз болды. Жәрдем-ақыға өмір сүріп отырмыз. Азық-түлікті дүкеннен қарызға аламын. Қазір 70 мың теңге қарызбын. Екінші рет үйленуге қорқамын. Себебі біреудің баласына ешкімнің жаны ашпайды. Ер адамға баламен жалғыз қалған қиын. Қызым өсіп келеді, қашанғы жуындыра аламын... Әрине, бала толыққанды отбасында өскені дұрыс», — деді ол.

Тағдырдың сынағын көтеріп жүрген Рысмахан ешкімге де жалынп, жәрдем күтпейді. Дегенмен оны баласын асырау үшін алған несиесі кинайды екен. Қазір 1,5 миллион теңге несиесі бар. Ал алиментке өтініш бергісі жоқ. Соған карамастан жүрегі кең азамат болашақта жетімдер үйінен бала асырап алғысы келеді. «Ешбір бала анасыз, әкесіз өспесе, жыламаса», — дейді.

«Әлеуметтік желіде бүгінгі еркектердің образын есітiп көрсетедi. Көпбалалы, жалғызбасты аналар көшеге шығып, талабын айтып, бәрiн мемлекет жасап берсе», — дейдi. Әр адам баланы өзi үшін дүниеге әкеледi. Қазiргi қыз-келiншектер жiгiттiң жағдайына қарайтын — шындық. Содан ажырасу көбейедi. Бiрiншi — қаражат болса, екiншi — тәрбиe. Бұрын Шымкент жақта тұрмысқа шыққан қыз төркініне қайтып барса, ата-анасы үйіне кіргізбей, ажырасуға шақыратын. Ал қазір қит етсе, өзiміз асыраймыз деп шығадy. Ажырасқандарға екіжакты айыппұл салынуы тиіс. Себебі кез келген дауда кінә екі жақтан болады», — дедi кейіпкеріміз.



АЛИМЕНТТЕН ЖАЛТАРАҒАН АНАЛАР

Ал төрт баласын бір өзі асырап отырған Айтан Мұқашев заңды түрде ажырасқанмен, бұрынғы әйелі алимент төлеуден жалтарып жүр. Балалардың ас-суы мен ай сайынғы пәтеракыны төлеу үшін тыным таппайды. Ал шаңырақтағы «ыдыс-аяқтың сылдырына» шыдамаған әйелінің үйге ат ізін салмағанына бес жылдай болған. Анасыз қалған балалардың мейірімге шөлдеген жүзін көріп, көңіліміз құлазды. Дегенмен ұл-қыздар өмір сыйына бермей, әкесінің қасында өжеттене өсіп келеді.

Алименттен жалтарғандарға заң қатап. Былтыр Қостанайда алимент төлемеген әйел түрмеге қамалды. Ананың көмелет жасқа толмаған балаларына берешегі 3 миллион теңгеден асқан. 2018 жылдан бері алимент төлемейті. Осы мерзім ішінде сот үкімімен келіңшек бірнеше рет әкімшілік және қылмыстық жазаға тартылған. Тіпті, шартты түрде бір жылға бас бостандығы да шектелген. Бірақ еш нәтиже шықпағанын, сот орындаушылары жазаның қатан түрін қолданыпты. Қазір екі баласы әкесінің қолында.

«Бас бостандығынан айырылғаным, оның қарызы өшіп кетпейді. Егер сот орындаушы жұмысқа тұрғызатын болса, орындау парағын сонда жіберіп, алты ай мерзім күтетімін. Шыққаннан кейін алты айдың алиментін тағы да есептеп қосып береміз. Сонымен, бірталай ақша болайын деп тұр» деп хабарлаған әділ жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының басшысы Несібелі Бәсенова.

Сөйтіп, алимент төлеуден қашып жүрген әкелердің орнын ана-

лар басып келеді. Бауыр еті баласынан бас тартып, ана деген атынан айырылғандардың тым артып бара жатқаны алаңдаушылық туғызды. Ал қоғамда жалғызбасты аналармен салыстырғанда, жалғызбасты әкелерге көзқарас та, қолдау да бөлек. Егер біз гендерлік теңдікті дамыту туралы айтатын болсақ, онда әрине, ер адамдардың құқығын кеңейтуге, оның ішінде жалғызбасты әкелер мәселесіне де қатысты болуы тиіс. Отбасы институтын зерттеу орталығының жетекшісі Айгүл Ракишева да ойымызды қуаттап, «Қазақстандағы Отбасы институты бағысты құндылықтардың ықпалымен өзгеруде», — дейді.

«Қазақстандағы әрбір бесінші отбасы — дара ата-ана. Ресми некеде 76,5 пайыз жағдайда отбасын ер адам басқарады. Ал азаматтық некеде, керісінше әйел басқаратын отбасы моделі 2 есе жиі кездеседі. Яғни, азаматтық некедегі әрбір оныншы отбасында әйел адам басып. Біздің қоғамда ерлер мен әйелдердің әлеуметтік рөлдеріне қатысты түсініктер қалыптасқан. Ер адам отбасын асыраушы, ал әйел үйінің шамшырағы. Бірақ қазір осы заңдылықтың бұзылғанын көреміз. Жалғызбасты әкелердің көбеюі азаматтық неке саны артып, ажырасу көбейгенін», — дейді А.Ракишева.

Пікірлескен азаматтардың әйелдері отбасынан теріс айналған. Дегенмен сүйген жарты өмірден өткен соң, балаларына ескінін ана іздемей, ананың да рөлін бір өз атқаруға шешім қабылдағандар бар. Орталық Азия демократияны дамыту қорының жетекшісі Толғанай Үмбеталиева да осы ойымызбен келісіп, бүгінде әйелдер арасындағы өлім-

жітімінің артуы жалғызбасты әкелердің көбеюіне алып келгенін айтты. «Әйелі қайтыс болғаннан кейін үйленбейтін еркектер бар. Ерлердің тағы бір бөлігі ажырасқаннан кейін балаларына қамқорлық жасауға дайын, ер адамдар өз құқығы үшін күресседі. Егер бала 11 жастан асқан болса, онда ер адамның балаларын қамқорлыққа алуға мүмкіндігі бар. Әрине, әйелдері балаларын өздері тастап кеткен ер адамдар бар, өйткені оларға қамқорлық жасауға дайын емес. Қазір ер азаматтардың да отбасындағы рөлі өзгерген, олар отбасын ақшамен қамтамасыз етіп қана қоймай, әкесі ретінде бар жауапкершілікті мойнына алуға дайын», — дейді Т.Үмбеталиева.

Қорыта келгенде, «басы ауырмағанның балтыры сыздағанмен шаруасы жоқ» деген бар. Қоғамның еркітін мұсапир күйге түсіп, көптің алдында шарасыз күй кешкенін қабылдауы қиын. Ер адамдар да өзгеден көмек сұрауға арланады. Немесе қандай көмек барын білмейді, онысын да көпке көрсеткісі келмейді. Жалғызбасты әке атаңдардың ішік күйзеліс де бар. Сондықтан олар жангерлік, психологиялық, моральдық, материалдық қолдауға мұқтаж. Бір үйдің түтінін тзуу ұшыра алмағандар, жалғызбасты аналар, баласын жалғыз тәрбиелеп отырған әкелер мәселесін айтқанымызбен, ананың алақанын, әкесінің мейірімін сезіне алмаған бейкүнә сәбилердің мәселесі бәрінен жоғары. Ананың орнын әке, әкесінің орнын ана баса алмайтыны анық. Ошақтын отын сөндірiп, баланы жетiм атандыру — қазақтың кейбiр нәзiк жанды аруларына жеңiл жағдай болып кеткенi өкiнiштi.

ЖЕКЕ МЕКТЕПТІҢ ЖЫРЫ КӨП



Жыл өткен сайын жекеменшік мектептердің саны артып келеді. Бұрын тек бай-бағландардың баласы оқытын мектепте қазір орта таптыңда ұл қыздары білім алып жүр. Жеке білім ордалары еліміздегі мектеп тапшылығын шешуге де оң ықпал етері анық. Алайда жекеменшік мектептердің саны артқан сайын білім сапасы құлдырап кетпей ме?

Көктем ҚАРҚЫН

2021 жылғы сәуірдегі дерек бойынша, елімізде 7 440 мемлекеттік мектеп бар. Ол жерде 3 миллионнан астам оқушы оқиды. Бірақ осындай цифрға қарамастан, республика бойынша 225 мыңға жуық оқушыға білім алатын орын таппы. Орын тапшылығы мәселесін шешудің бір жолы — жекеменшік мектептер. Білім министрлігінің дерегі бойынша, Қазақстанда жекеменшік мектеп саны 400-ден асты. Өңірлер бойынша жекеменшік мектептерді ашуда Түркістан облысы (56), Шымкент қаласы (52), Алматы қаласы (41), Нұр-Сұлтан қаласы (29) көш баспап тұр. Бұл аймақтарда жекеменшік мектептердің көп болуының басты себебі — халықтың тығыз орналасуында. Жекеменшік мектептерге баратын кейбір балалар үшін мемлекет арнайы субсидия бөліп, мектеп ашатын деген инвесторға жағдай жасап отыр.

— Мемлекет үшін, бұл — бюджетке түсетін жүктемені төмендету, орын тапшылығын азайту, білім беру сапасын жақсарту, педагог

мәртебесін арттыру. Инвестор үшін, бұл — тұтыну кепілдігі бар табысты өрі узакмерзімді бизнес-жоба, — дейді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов.

Яғни, Үкімет нарықтың бұл сегментін бизнес деп таниды. Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларындағы кейбір мектептегі жылдық оқу құны 3-5 млн теңге болатынын ескерсек, бұл — бизнес. Қазақ қоғамы бүгінде экономикалық табысы мен әлеуметтік мәртебесіне қарай жіктеле бастағанын көріп жүрміз. Алғашқы сатыға зәулім үйлер мен қымбат көлік болса, екінші саты белделі оқу орны мен жекеменшік сектордағы мектептермен ерекшеленеді. Сол себепті жекеменшік мектептер туралы сөз болғанда «ақшасы барлар беттеп, ақшасы жоқтар шеттей береді» деген пікірдің бәсі басым болып келген еді.

МЕКТЕП ТАПШЫЛЫҒЫ ШЕШІЛЕДІ

Ата-аналардың басым бөлігі балаларын премиум санаттағы мектепте оқытқысы келеді. Алайда бұған барлығының қаржысы жете бермейді. Осы олқылықтың орнын

толтыру үшін мемлекет жекеменшік мектептерге субсидия қарастырмақ. «Қаржы орталығы» АҚ басқарма төрағасы Аскар Ибраимовтың айтуынша, еліміздегі оқушылар саны жыл сайын артып келеді, сондықтан орта білім беру саласындағы маңызды міндеттердің бірі — толып кеткен мемлекеттік мектептердің жүктемесін азайту, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру үшін күресте мектептер арасында бәсекелестікті дамыту. «2018 жылдан бастап жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мүмкіндігі заңды түрде бекітілді», — деді А. Ибраимов.

Қазір мемлекет тарапынан балаларды жекеменшік мектепке оқытуға жылына 532 мың теңге субсидия бөлінеді. Бірақ кәсіпкерге бұл қаржыдан келер пайда аз. Бөлінетін қаржы балалардың тек түске дейін оқуына ғана жетеді. Бала танныан кешке дейін жүргендіктен, үй тапсырмасын мектепте орындамағандықтан, қосымша дамымайды. Ендіше екі асымызды жекеменшік мектептің мемлекеттік мектептен еш айырмасы жоқ. Астана

Garden Scholl мектебінің негізін қалаушы Нұрмұхамед Досыбаевтың айтуынша, мектеп тапшылығын жекеменшік мектептер шешеді. Бірақ бұл көптеген факторға байланысты. Мысалы, 200-300 балаға арналған мың мектеп саладағы тапшылықты шешпейді. Сондықтан жекеменшік мектептердің сыйымдылығына мән беру керек. Ашылып жатқан жекеменшік мектептер неге шағын? Өйткені мемлекеттің бөліп отырған субсидиялары үлкен мектеп соғуға мүмкіндік бермей отыр.

— Осы мәселені шешу үшін, ең бірінші мемлекет тарапынан бала басына шаққандағы қаржыландырудың көлемін кемінде екі есе көбейту керек. Екінші, Үкімет тарапынан 1 000-2 000 бала оқытын мектеп салуға жер бөлінуі тиіс. Жер беру процесін жеңілдету керек. Үшінші, мектеп салатын жерлерге коммуникация жеткізу мәселесі реттелсе, бөлінген жер не суы, не жолы жоқ айдалада орналасса, жеке инвесторға қиын соғайды, — дейді Нұрмұхамед Досыбаев.

Сонымен қатар Нұрмұхамед Досыбаев мектеп мәселесі түбегейлі шешілгенге дейін банктер мектеп соғуға 0 пайызға дейін жеңілдетілген несие беруі керек деп атап өтті. Мектеп ашатын инвестордың кепілігін қоятын инфрақұрылымды болмауы мүмкін. Сондықтан кепіл сұрамай несие алу жағын қарастыру артық етпейді.

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКТЕПТЕН ЕСІ АРТТЫҚ?

Ата-ана таңдау жасағанда сапалы білімге және оқу бағасына көңіл бөлетіні сөзсіз. Еліміздегі жекеменшік мектептер ұсынатын баға диапазоны әртүрлі. Аймақтық жерде айлық оқу құны 50 000 теңгеден басталып, Алматы, Нұр-Сұлтан мегаполистерінде 1 миллион теңгеден асып жығылады.

Оқу ақысы жөніндегі рейтингте бірінші орынды Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан QSI халықаралық мектебі иеленіп отыр. Мұнда 1-сыныптан 12-сыныпқа дейін оқу ақысы бірдей, жылына 26 000 АҚШ доллары, айына орта есеппен 1,28 млн теңгеден. Оқу тек ағылшын тілінде жүргізіледі. Халықаралық деп аты айтып тұрғанды, негізінен

елімізде жұмыс істейтін шетелдік азаматтардың, дипломаттардың балаларына арналған мектеп. Дегенмен мұнда Қазақстан азаматтарының да балалары білім алады. Бала саны да шағын, 300-ден асады. Екінші орында Алматы қаласында орналасқан халықаралық QSI мектебі тұр. Мұндағы оқу ақысы, елордадағыдан арзан, айына орта есеппен 1,08 млн теңгеден. Оқушы саны — 450. Рейтингде үшінші орынды Haileybury Алматы және Haileybury Astana мектептері иеленген. Екі мектептің бір орында орналасуы себебі — екі мектепте білім беру күні бірдей. Мұнда дайындық сыныбынан бастап 13-сыныпқа дейін білім беріледі. Сондықтан оқу ақысы сыныптарға қарай бөлініп отырады. Мысалы, дайындық сыныбы жылына 5,6 млн теңге, 3-6-сынып оқушылары үшін 9,7 млн теңге, 10-13-сыныптар үшін 12,6 млн теңге. Орта есеппен оқу ақысы айына бір бала үшін шамамен — 1 млн теңге.

Жылына миллион төлеп, баласын жекеменшік мектепте оқытып жатқан ата-аналардың бірі — Арнат Дүйсен. Оның айтуынша, мемлекеттік мектепте оқыған оқушының қосымша репетитор жалдауына тура келеді. Мүндайда бәрібір оқыту шығыны жекеменшік мектеппен бірдей болады.

— Жекеменшік мектепте қосымша үйірмелер де, спорт секциялары да қамтылған. Бала таңертқан мектепке кіргеннен 3 мезгіл тамағын ішіп, үй тапсырмаларын сонда орындап қайтады. Мектеп басқарулаамасының ішінде шахмат, робототехника сияқты салалар бар. Ағылшын тілінің практикалық сабағын америкалық азамат өтеді. Бір сыныпта 15-18 оқушыдан отырады, ал мемлекеттік мектепте — 25-30 оқушыдан. Сондықтан қай жағынан алып қарасақ та, бізге жекеменшік мектеп тиімді, — дейді Арнат Дүйсен.

Негізі, жекеменшік мектеп білім беру қызметімен заң актілері және мемлекеттік білім беру стандарты негізінде айналысуға міндеттеледі. Бірақ оқу жоспары мен оқыту бағытын, ғылым негіздері мен пәндерді өзі таңдайды.

ТӘРТІП БАРЛЫҒЫНА ОРТАҚ

Дегенмен кейбір жекеменшік мектептердің ойларына келгенін

Бурахан Дақанов:

ТЕРІСКЕЙГЕ КӨШУДІҢ ТИІМДІ ТҰСЫ КӨП

Ел тәуелсіздігін алған 30 жыл ішінде солтүстік өңірлердегі көштің ағыны тоқтаған емес. Шекараның арғы бетіндегі атақонысына бет түзегендер мен нәсіп тартып ірі қалаларға қарай үдере көшкендердің есебінен бүгінде аймақта жұмыс күшінің тапшылығы сезіледі. Есесіне оңтүстік пен батыс өңірлердегі мыңдаған отандасымыз екі қолға бір күрек таппай жүр. Аймақтардың еңбек ресурстары арасындағы осы бір қайшылықты жою мақсатында арнаулы мемлекеттік бағдарлама түзіліп, жүзеге асты. Осы аралықта түстіктің 30 мың тұрғыны теріскейге табан тіреді. Дегенмен бағдарлы баяндаманың тиімділігі мен бірге олқы тұстары да жетіп артылады. 7 ай бұрын солтүстікқазақстандық атанып, көпшілікті теріскейге көшуге шақырып жүрген қоғам белсендісі Бурахан Дақановпен болған сұхбатымызда стратегиялық көшті жандандыру тетіктері жайында әңгіме өрбттік.

— Бурахан, көпшілікті солтүстікке көшуге үгіттеп қана қоймай, өзіңіз алғашқылардың бірі болып көшіп келдіңіз. Солтүстік өңірге қалай орналастыңыздар?

— Солтүстікке көшу туралы ой көптен көкейде жүрген. Осы ойымды әлеуметтік желі арқылы көпшіліктің талқысына да салдым. Оның үстіне, біздің халық ақыл айтатындардан шаршады. Әлеуметтік желіде де «Солтүстікке көшіп, шекара маңына шоғырлану керек» деп жалаң ұран тастайтын-дар көп. Бірақ нақты іс болмай тұрды. Сондықтан көпшілікке үлгі болайын деген оймен солтүстікке көшу туралы шешім қабылдадым.

Осылайша, 7 ай бұрын Талдықорғаннан Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы Сергеевка қаласына көшіп келдім. Сергеевка қаласында 9 мың адам тұрады. Олардың 500-і өзіміз сияқты оңтүстік өңірлерден көшіп келгендер. Арасында қандастар да бар.

— Байқауымызша, солтүстікке мемлекеттік бағдарлама аясында көшуге сенімсіздік танытатындар көбейген сияқты. Ара-тұра әлеуметтік желіден, ақпараттық сайттардан көшіп барғандардың жағдайы туралы сыни материалдарды көзіміз шалып қалады...

— Негізі, көп нәрсе адамның өзіне байланысты. Обалы не керек, күні кешеге дейін жұмыс істеген «Еңбек» бағдарламасына қызығушылық танытатындар көп болды. Бірақ, екіншіше қарай үгіт-насихат жұмыстары көздеген мақсатынан айнып кеткендей. Мәселен, көшіп келгендердің мәселесін көзбен көру үшін өңірге журналистер келіп жатады. Осы кезде көшіп келгендердің көбі жеке мәселесін көтереді. Оны сенсацияға балай-

тын ақпарат құралдары шұлатып әкетеді. Ал сол материалдарды оқыған соң солтүстікке көшуге ниеттілер ойынан айнып қалады.

Біле білгенге солтүстікке көш дегеніңіз — ғасырлық маңызға ие дүние. Бұған атүсті қарауға болмайды. Көшіп келетіндерді ынталандыруға бағытталған арнайы бағдарлама болғанымен, оның нақты бірәкімшісі жоқ. Сондықтан жауапты тұлғалар бұл іспен жеңіл түрпін айналыспады.

— Биыл «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы аяқталды. Ал теріскей көшіне серпін беру үшін осы бағдарламаға балама қажет сияқты. Елордаға келген сапарыңызда Мемлекеттік хатшымен, Ауыл шаруашылығы министрімен, «Отандастар» қорының басшыларымен кездесулер осы тақырыпта өрбіген болар. Көшті жандандыру үшін неге мән беру керек? Қандай шаралар мемлекеттік назарынан тыс қалды?

— Мемлекеттік бағдарлама аясында қоныс аударғандықтан, бұл жобаның кемшіліктері мен артықшылықтарын бір кісідей білемін. Сондықтан әлгінде айтылған лауазым иелерімен болған кездесуде жана бағдарламаны әзірлеуде ескерілуі керек жайттар туралы айттым. Меніңше, теріскей көшіне серпін берудің бірден-бір тетігі елімізде нақты осы мәселемен айналысатын консультативті-көмекші орган немесе мемлекеттік мекеме құруда жатқан сияқты. Оның жұмысына Президенттің өзі немесе Премьер-Министр деңгейіндегі лауазым иелері жетекшілік етсе, шаруа оналар еді. Сәйкесінше, жергілікті жерде осы органның уәкілетті органдары ашылып, оның жұмысын облыс немесе ау-

дан әкімінің орынбасары тікелей бақылауға алса, біз күткен қозғалыс пайда болуы мүмкін.

Одан кейін солтүстікке қоныстанған қандастарға арнап адаптациялық орталықтар ашу керек. Оны пилоттық жоба ретінде 2 елді мекеннен бастап көріп, қандастарды кемінде 1 жыл Солтүстік Қазақстанда өмір сүруге бейімдегеніміз жөн. Неге десеніз, қазір Сергеевкаға Иран, Ауғанстан, Пәкістаннан көшіп келіп жатқан ағайынның ортаға сіңісіп кетуі қиындау. Біріншіден, олар кириллицамен жазылған жазуды оқи алмайды. Екіншіден, көбі орыс тілін өмірінде естімеген. Жақында Ираннан көшіп келген қандастар жігіт үйіме келіп тілімдей қағазды ұсынды, оқып беруімді өтінді. Қарасам, дәрігердің берген реценті екен. Оған жазуды түсіндіріп, қазақ тілін білетін сатушысы бар дәріханаға қарай бағыттал жібердім. Оларға Сергеевқадан сатушысы қазақтілді дүкен табуың өзі машақат. Тіпті, өмірінде үйіне от жағып көрмеген ағайынға әкімдіктің жігіттері пешке от жағуға дейін үйретіп жүргенін өз көзіммен көрдім. Ара-арасында телефондағы байланыс операторларының тілін түсінбей, ай сайынғы тарифін қосу кезінде көмек сұрап келетіндер де бар. Құжат толтыруда да кириллицаға шорқақтық танытып жүргендер жетіп артылады.

Міне, осындай мәселелерді болдырмау үшін қандастарды бейімдеу орталықтарын ашу қажет деп білемін.

— Қазір әлеуметтік желі арқылы оңтүстіктегі, батыстағы ағайынды солтүстікке көшуге шақырып жүрсіз. Нәтиже қалай болып жатыр?

— Шынын айтқанда, көштің

қазіргі қарқыны көңілімнен шықпайды. Оған әсер етіп жатқан факторларды жоғарыда тізіп өттім. Өз тарапымынан көшті жандандыру үшін әлеуметтік желіде әртүрлі жазба қалдырып, топтар ашып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргіземін. Бұл істе жалғыз емеспін. Серік Өтебай, Өмір Шыныбекұлы сияқты ағаларымызбен бірге әрекет етіп жатырмын.

Осы жұмыстардың нәтижесінде өткен жылы жеке өзім шамамен 300 отбасының солтүстікке көшіп келуіне ықпал еттім. Биыл 500 отбасын көшіріп әкелуді жоспарлап отырмыз. Алдағы уақытта теріскейге көшудің тиімділігін, нәтижесін арттыру мақсатында «Батыс-теріскей-шығыс» атты экспедиция өткізу ойда бар. Мәселен, Көрісу күні қарсаңында Маңғыстау жұртшылығы Отпан тауға жиналады. Сондағы қарқұрым елдің алдына шығып, теріскейге көшу туралы ұсынысымыз ортаға тастағым келеді. Көшке еруге ниеті бар азаматтарды алып, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстарындағы ауыл шаруашылығымен айналысуға қолайлы жерлерге сапарлатып қайтуға болады. Меніңше, бұл тәжірибе де өзін-өзі ақтауы керек.

— Демек, солтүстікке көшу оңтүстік, батыс өңірлерде қордаланған әлеуметтік мәселелердің түбегейлі шешімі бола ала ма?

— Әлбетте. Былтырғы жаз Қызылорда мен Маңғыстау облысының шаруаларына оңай соққан жоқ. Олардың кейбірі маған хабарласып, «Солтүстікке барсам, малымыз өсіре аламын ба? Жер алудың мүмкіндігі қандай?» деп сұрастырып, қызығушылық танытып жатты. Әрине, солтүстікте



шабындық жерде көп. Жайылымдық жерде анау айтарлықтай қиындық тудыра қоймайды. Ең бастысы, жердің құнарлылығы өзге өңірлермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Сондықтан теріскейдің төсін малға толтырамын деген ниеті бар шаруа үшін бұл көш таптырмас мүмкіндік. Әрі солтүстікте ірі агроқұрылымдарды жасақтау арқылы жұмыссыздық мәселесінің де шешімі табылар еді.

Мемлекеттік хатшымен, Ауыл шаруашылығы министрімен болған кездесуімде малсыз көшіп келгендерге жергілікті шаруашылықтардан мал беріп, оны кейін толмен қайтарып алатын тарату нүктелерін ұйымдастыру туралы ой айттым.

Осы тұрғыдан алып қарағанда теріскейге көшуге баса мән берісе, жоба өңірлерде қалыптасқан көптеген мәселенің шешімі өздігінен табылар еді. Теріскей көштің стратегиялық, әлеуметтік маңызы өз алдына. Солтүстік өңірлер қазақтың маңдайына біткен тарихи тұлғалардың ізі қалған жер емес пе? — Сөз соңында солтүстікке көшуді жоспарлап, нақты кадам жасауға жүресіңіз деп сұрадым.

— Қазір «Солтүстікке көшетіндер отбасының әр мүшесіне берілетін бірреттік жәрдемақыға қызығып келіп жатыр» деген жан-

сақ пікірлер айтыла бастады. Мемінше, бұл жәрдемақы көпшілікті анау айтарлықтай қызықтыра қоймайды. Ең бастысы, ниет болуы керек.

— Рас, қазір солтүстіктен көшіп жатқандар көп. Тіпті, тұтас ауылдар босап қалып жатыр. Жергілікті биліктің тұрғындарды ұстап қалуға ешқандай мүмкіндігі жоқ.

Ал теріскейге көшу бағдарламасы әлеуметтік пакет ұсына отырып, көптеген мүмкіндікке жол ашады. Салыстырмалы түрде алып қарағанда, солтүстікке оңтүстікке қарағанда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің көлемі үлкен. Мал бағып, егін егемін деген шаруаларға да керегі — осы. Бұдан солтүстікте тек ауыл шаруашылығымен ғана айналысуға болады екен деген көзқарас қалыптаспауы керек. Теріскейге мықты кәсіпкерлерді де көптеп тартқанымыз жөн. Екіншіше қарай, қазір көшіп келетіндердің көбінде «Мен мемлекеттік бағдарламамен келдім. Жақсы өмір сүріп кетемін» деген ой басым. Алайда мұндай оймен алысқа ұзай алмайсыз. Солтүстікке көшіп келген соң Үкіметке ғана иек артап, тіршілік жасап, осында тұрақтап қалуға әрекеттену қажет.

— Әңгімеңізге рақмет! Шыңболат КҮЗЕКБАЙ

Саяжайдан пана іздегендер

«Бір жоқтың мұңы жүз қайғыны қозғайды» демекші, саяжайдағы халықтың тұрмыстағы қиындықтары туралы айтқанда, ойға ең бірінші баспана мәселесі оралады. Бұрындары баспанаға қолы жетпегендер немесе шаһардың у-шұынан жалыққан жандар саяжайды жағалаушы еді, бүгінде олардың қатарын алыс ауылдардан келген ағайын еселеп көбейтіп жатыр.

Дәулет АСАУ

90-жылдардың басында тұрмыстық ауыртпалықтарға байланысты шалғай мекендерден қопарыла көтерілген көші-қон процесі едәуір саябырсығанымен, бірақ әлі толастаған жоқ. Сол себепті республикадағы ірі шаһарлардың маңайында шоғырланған заңсыз қоныстар көп.

Ашық дереккөздерден алған мәліметтерге сүйенсек, республикалық маңыздағы үш қала — Нұр-Сұлтан қаласында — 11,9 мың, Алматыда — 26 мың және Шымкент қаласының аумағында 17,3 мың бау-бақшалық учаскелер бар. Бірақ оларда нақты қанша адам тұратыны белгісіз. Өйткені көптеген саяжай құрылымдары, бақшалық қауымдастықтар мен кооперативтер заңдылық және аумақтық бөлініс бойынша қаланың әкімшілік аумағына кірмей қалған.

Сондықтан мұндай есеп жергілікті атқарушы биліктің дерегінде де, саяжай қауымдастықтары төрағаларында да жоқ. Тек бейресми деректен Алматы облысында 150-200 мыңдай адамның саяжайда тұрып жатқанын білдік. Сондай-ақ облыс орталығы Талдықорғандағы 12 саяжай учаскесіндегі 30 мыңға жуық адам жазғы лапшақты тұрақты баспанасына айналдырған.

Баспанға мұқтаж жұрт, сондай-ақ облыстық маңыздағы қалалардың бақшалықтарында жаппай қонысқа айналдырған. Өскемен қаласында мұндай 184 саяжай учаскесінде — 13,5 мың адам, Семей қаласында 11 саяжай учаскесінде 19,6 мың адам тұрақты өмір сүріп жатыр. Сондай-ақ Ақтөбеде — 33 мыңнан астам адам, Батыс Қазақстан облысында 17 мың адам саяжайда тұрады деген дерек бар.

ӨРКЕНИЕТ ІПГІЛІГІН КӨРМЕЙТІН ЖҰРТ

Мәжіліс депутаты Ирина Смирнованың айтуынша, тек 2020 жылдың алғашқы



жартыжылдығында ғана ішкі көші-қон «ағыны» 340 000 адамды құраған, олардың 41 пайызы Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласына ат басын тіреген. Ал олардың 80 пайызының тұрмысы төмен, ипотека алуға шамасы жеткіз, сондықтан қай жерде баспана арзан, сол жерге барып қоныстануға мәжбүр болады.

Саяжайдың тиімділігі бау-бақша өсіруге арналғандықтан және мерзімдік тұрақ болып саналғандықтан, қолданыстағы заңға өзгерту енгізіліп, 2017 жылдан бері саяжай тұрғындарына тұрақты тіркелім берілмейтін болды. Сол себепті саяжайларда оған дейін тұратын үлкендердің бұрынғы тіркелімі болғанымен, 2017 жылдан бері тұған балалардың ондай құжаты жоқ.

«Саяжайдан уақытша баспана сатып алған адам жағдайының жоктығынан сонда ұзаққа тұрақты тұрақтап қалып, барлық мүмкіндіктен айырылады. Осы үйі үшін мемлекеттік акт берілмейді, тіркеле алмайды. Бұл тұрғылықты жерінде тіркеу туралы заңға қайшы. Соның кесірінен жұмысқа тұру кезінде қиындықтар туып, тиісті әлеуметтік медициналық көмек ала алмайды, жолдың жоктығынан балалардың мектепке қатынауды қиындайды. Көпшілік бақшалық қауымдастықтары мен кооперативтерді ауызсумен, электрмен қамту дұрыс шешілмеген. Тіпті, өркениеттің аталған жетістіктері бар болғанымен өзінде оның құны өлденеше есе қымбатқа түсуі мүмкін», — дейді депутат Ирина Смирнова.

Әдетте республиканың саяжай аймақ-

тарында полиция, өртке қарсы қызмет, медициналық пункт немесе емхана жоқ. Балабақша, мектеп, спорт алаңдары, жол, электр желісі және сумен, газбен жабдықтау инфрақұрылымдары салынбаған. Ал өткен ғасырдың орта шамасында тартылып, содан бері жаңаланбаған электр желілерінің басым бөлігі тозып, пайдалануға өбден жарамай қалған. Тіпті, электр қуатының шамадан тыс түскен кернеуіне шыдамай, қысқа тұйықталып, өрт шығып кеткен оқиғалар қаншама? Олар тек материалдық шығынға ғана емес, адам өліміне ұшыратып жатады.

Жолды қыста қар алып, көктемде топан су шайып, ересектер — жұмысына, балалар — мектепке, науқастар дәрігерге көріне алмай пұшайман болады.

ТҰРҒЫНЖАЙЛАРДЫ БҰЗУ ЖОСПАРДА ЖОҚ

«Біздің тұрғындар қалада жұмыс істеп, елді-жерді көркейтуге өз үлесін қосып келеді. Жұрт сияқты салық төлейді. Бәріміз Қазақстанның азаматымыз, бәріміздің құқымыз тен. Бірақ біреулері өркениеттің игілігін көреді, ал енді біреулер одан мақұрым қалады. Неге? Мемлекет саяжайлардың көп проблемасына нәліктен немқұрайды қарайды? Адамдар бұл жерге ерікпен келген жоқ, басқа барар жер, басар тауы болмаған соң еріксіз қоныс қылып отыр», — дейді Нұр-Сұлтан қаласының Есіл ауданында орналасқан «Полёт» саяжай қауымдастығының төрағасы Б. Нысанбаева. Оның айтуынша, 2007 жылы саяжай

аумағын бұзып тастайды деген сыбыс шыққан. Бірақ жергілікті билік әлі күнге дейін оның нақты мерзімін бекітпеген. Астаналық әкімдердің жыл сайынғы есеп берулерінде де бұл сұрақ жиі қойылады, бірақ нақты жауап әлі жоқ. Содан саяжай жұрты үйімізді қашан сырады екен, сырып тастаса, қанша тенге өтемақы төлейді екен деп күнде алаң. Сондай-ақ олар әкімшіліктің саяжай үйі үшін белгілеген бағаға да наразы. Тұрғындардың айтуынша, әкімдік бұзуға жіберетін бір үйдің құнын 4-5 миллион теңгеге бағалайды. Қазір оған қандай баспана сатып алуға болады? Елорданың шетіндегі өбден тозығы жетіп, коммуналдық жүйесі ілдебайлап тұрған жатақханалардағы қуықтай бір бөлменің өзіне 10 млн теңге сұрайды. Сондықтан саяжайдағы үйін сатқандардың көбі қазір басын сыйдыраға орын таппай, сабылып жүр.

Есіл ауданы әкімінің бас инспекторы Құттымұрат Шамшиевке сауал салғанымызда ол дәл қазір «Полёт» саяжай қауымдастығының үйлерін бұзу мәселесі күн тәртібінде тұрмағанын айтты. «Астананың бас жоспарында қандай учаскеге не салу және қашан салу қажеттігі нақты көрсетілген. Заң бойынша, саяжайлар уақытша маусымдық қоныс болып саналады. Ол жердің үйлерін тұрғын үй емес, уақытша баспана деп атайды. Сондықтан ондағы үйлер арзанға бағаланады», — деді Қ.Шамшиев.

ҚАЗЫНАНЫҢ ҚАРЖЫСЫН БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ

Инспектордың айтуынша, саяжай қауымдастықтары заңды тұлға болып саналғандықтан, қар күреу, көшені жарықтандыру, орталықтандыруға су құбырын тарту, асфальт төсеу деген сияқты проблемаларды қауымдастықтың өзі шешуі тиіс. Саяжайлардың заңнамалық мәртебесіне және мақсаты пайдалануына байланысты жергілікті биліктің заң бойынша оның инфрақұрылымын дамыту үшін бюджеттен қаржы бөлуге қажысы жоқ. Сондықтан саяжай алабының барлық материалдық шығынын тұрғындардың өздері көтеруге мәжбүр.

Яғни, саяжайдағылар екі рет төлейді: бірі — мемлекетке төленетін салық, екіншісі — саяжайдың инфрақұрылымын ұстауға кететін шығын. Бұл тұрмысы оңсыз да мөз емес тұрғындардың материалдық жағдайынан одан сайын ауырлата түскен. Бірақ саяжай тұрғындарының бұл жағдайын кім ұғар, жанайқайын кім естір? «Есіл ауданында 4 мыңнан астам саяжай учаскелері бар, ал оларда қанша

адам тұратынын қауымдастық төрағаларының өзі білмейді. Келіп-кетіп жатқан елде есеп жоқ. Бұл аумақтарда зәулім коттеждер де, қабырғасы қисайған жерлер де жетерлік. Оның бірінде үй иелерінің өздері тұрады, дегенмен көпшілігін жалға беріп қойған. Қараусыз қалған, сатылып, бірнеше қолдан өткен құрылыстар қаншама?» — делі инспектор.

Құттымұрат Шамшиев әкімдік өз тарапынан демеушілер іздеп, саяжайға көмектесуге тырысады. Ана бір жылы оуежайға апаратын жолға жана асфальт төселгенде ескісін саяжай ішіндегі жолды жөндеуге үшін сұрап алыпты. Қ.Шамшиевтің айтуынша, кейінгі үш жылда осындай тәсілмен 7 шақырым асфальт төсеген.

САЯЖАЙДЫҢ МӘРТЕБЕСІН ӨЗГЕРТЕТІН КҮН ЖЕТТІ

Былтыр Парламент депутаттары Үкіметке саяжай кооперативтерін заңдастырып, онда тұратын адамдарға тіркелім беру туралы мәселе көтерген. Өйткені ішкі көш-қон тасқынының жоғарылығы және қоныстанушылар табысының аздығы мыңдаған қазақстандықтын жайлы өмір сүруіне мүмкіндік бермейді.

«Саяжай алаптарына ауылдық елді мекен мәртебесін беріп, бұл аумақтардың соның негізінде мемлекеттік бағдарлама аясында дамыту керек. Бұл ондағы тұрғын халықты электр желісімен, сумен, газбен жабдықтауды қамтамасыз етіп, балабақша, мектеп, спорт алаңдарын, жол салуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, мыңдаған қазақстандықтың әлеуметтік мәселесі шешіледі», — деп санайды И. Смирнова.

Нормативтік құжатқа сәйкес, саяжайдың ішкі инфрақұрылымына бақшалық қауымдастықтардың өздері жауапты. Алайда олардың қаржылық мүмкіндігі шектеулі. Онда тұратын адамдардың көпшілігінің табысы аз, әлеуметтік тұрғыдан осал қамтылған топ санаттына жатады. Ал саяжай қауымының әлеуметтік-мәдени, білім беру инфрақұрылымдарына, өркениеттің басқа да игіліктеріне қолы жетпеуі қоғамның дубарлануына, мемлекеттік институттарға деген сенімнің жоғалуына әкеліп соқтырады. Елде болып жатқан экономикалық процестер мен мемлекеттің бүкіл саяси жүйесін тұрақсыздандыруға әкеліп, әлеуметтік шиеленісті асқындыра түседі. «Қаралы қантар» оқиғасы мұндай шиеленістердің аяқ астынан тұтанып кетуі мүмкін екенін көрсетті. Сондықтан саяжай тұрғындарының проблемасына жалпы халықтық мәселе ретінде қараған жөн.

Алматының іргесіндегі ауыл мектепке зәру

Алматыға іргелес, облыс аймағында орналасқан Долан ауылының тұрғындары мектеп мәселесін айтып келе жатқанына бірнеше жылдың жүзі болды. Өкінішке қарай, бұл мәселе әлі күнге шешімін тапқан жоқ. Доланның балалары Қырғайұлы және Алмалыбақ ауылдарындағы білім ошағына қатынап оқуға мәжбүр. Кейбіреулері онлайн білім алып жатыр. Ауыл тұрғындарының балалар үшін мектеп салып беругін сұрап, тиісті орындардың талбалдырығын тоздырып жүргеніне де аттай 15 жыл болыпты.

АЛТЫ БӨЛМЕЛІ ҮЙ МЕКТЕП БОЛҒАН

Жалпы, аталған ауылда осы күнге дейін бастауыш сыныптар үшін мектеп болған. Ол әлі де бар. Алайда мектеп деген аты болмаса, заты сын көтермейтін, әділқашан тозығы жеткен, апатты жағдайдағы ғимарат ғана бар.

«Ауылдағы жалғыз мектеп бастауыш сыныпқа арналған. Басында алты бөлмелі тұрғын үй болған. Кейін мектепке берілген. Ішіне кірсенің, қорқасыз. Шатырлары құлап кетпесін деп бірнеше жерден дінтек тіреп қойған. Егер оған біреу тиіп кетсе, төбесі ортаға түсуі мүмкін» дейді бізге хабарласқан ата-аналардың бірі Айгүл Жәрменовна.

Ал 5-11-сыныптың оқушылары көрші екі ауылға қатынап оқып жүргендеріне 15 жыл болған. Тіпті, осы 2021-2022 оқу жылы басталар алдында да ата-аналар қолдарына талаптары жазылған плакат ұстап, наразылық білдірген екен. Олар ауыл ішіндегі бастауыш сыныптарға арналған мектептің апатты жағдайда тұрғанын айтып, жауапты орындардан осы мәселені біржақты етуді талап еткен. Бұл мәселе республикалық БАҚ-та да бірнеше рет көтерілді. Облыстық оқу бөлімінің өкілдері: «Біз бұл мәселеден қабаттан алыс емес. Карасай ауданы Долан ауылындағы бастауыш мектеп құлағалы тұрғаны рас. Ол ауылға 600 орындық мектептің жобалық сметасын жасап, Мемлекеттік сараптама бөліміне тапсырып қойдық. Сараптама қорытындысынан соң, облыстық қаржы бөлімінен қажетті қаражат бөлінеді. Жана мектептің құрылысы 2022 жылы басталады деп жоспарлап отырмыз», — деп жауап берген.

Осы жолы Білім басқармасына тағы хабарластық. Олар өткен жылы қыркүйек айының аяғында аталған ауылға мектеп құрылысының жобалық сметалық құжатты Мемлекеттік сараптама бөлімінің оң шешімін алғанын жеткізді. Осы шешімнен кейін Доланда жоспарланған 600 орындық мектептің құны 4 млрд 273 млн теңге деп есептелген. Ендігі жерде Алматы облыстық Құрылыс

басқармасы қажетті қаржыны қарастыруға облыстық мәслихатқа өтінім түсіріп қойған. Білім басқармасының бөлім басшысы Гүлмира Уалбаеваның айтуынша, қажетті қаражатты бөлу мәселесі осы наурыз айында өтетін облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында қаралады.



УАҚЫТША ЖАЛҒА АЛУҒА ҒИМАРАТ ТАБЫЛМАДЫ

Ауыл тұрғындары оқу жылының басында жиналып наразылық білдіргенде, негізгі талабы жана мектеп салдыру болса, екінші талабы ретінде жана мектеп салынағандық деін ауыл ішінен уақытша қауіпсіз ғимарат тауып, балаларының сол жерге оқытуды сұраған. Бұл мәселе де оң шешілмеген секілді. Облыстық Білім басқармасының өкілі Г.Уалбаеваның айтуынша, аталған ауыл ішінде мектеп жасауға ыңғайлы ғимарат жоқ екен. Бар мекеменің иелерімен келісе алмаған.

«Біз ауыл әкімімен бірге сондай ғимарат болса деп іздеттік. Тіпті, екі қабатты тұрғын үй болса да, жалға алу ақысын төлеп, балаларды сол жерге көшірсек дедік. Өкінішке қарай, ондай ғимарат табылмады. Ауыл шетінде бұрын Пионер лагері болған екен. Ол ғимарат ауыл ішінде тұрғанымен, Алматы қаласының балансында болып шықты. Оның негізгі иелерімен сөйлесіп көрдік,

бірақ уақытша мектеп үшін жалға беруге келіспеді», — дейді бөлім басшысы.

ТАСЫМАЛДАП ОҚИТУҒА АТА-АНАЛАР КЕЛІСПЕЙДІ

Осындай кедергілерден кейін түйткілді мәселенің түйінін шешудің жалғыз жолы ретінде балаларды көрші Алмалыбақ ауылындағы мектепке тасымалдап оқыту ұсынылған. Ол үшін облыстық Білім басқармасынан арнайы автобустар бөлінетін болған. Оған қоса, аталған көрші ауылдағы мектептің бір қанатын арнайы Доланнан келетін оқушылар үшін босатып берген. Мәселе «енді

туралы сын-ескертпесінен кейін Доланға мектеп салу шаруасы тағы кейінге шегерілетін секілді деп уайымдап отыр. Оған себеп те жоқ емес.

«Осыдан бір айдай бұрын облыс басшысы Канат Бозымбаев біздің Карасай ауданының орталығына келіп жиналыс өткізді. Сол жиналыста Долан ауылындағы мектеп құрылысына деп жоспарланған 4 млрд 273 млн теңгені қайта қарауды тапсырған көрінеді. Әкімнің айтуынша, 600 орындық мектеп үшін бұл сома тым көп екен. Бозымбаевтың осы сөзінен кейін жауапты шенділер қайта қарап, жаңа шешім шығармағандықтан тағы біраз уақыт кетейін деп тұр. Осыған байланысты ауылымызға жана мектеп түсер деген арманымыз тағы біраз уақытқа шегерілетін сияқты», — дейді ауыл тұрғындарының бірі Жазира Жомарт.

Мәселенің анық-қанығын білмек болып Алматы облыстық әкімдігіне хабарластық. Әкімдіктің баспасөз қызметі облыс басшысы жана мектептердің құрылысына жоспарланған қаражаттардың тым көп екені туралы сын айтқанын жоққа шығармады.

«Долан ауылындағы мектеп жайлы нақты еш нәрсе айта алмаймын. Бірақ облыс әкімі басқарма басшыларымен өткізген жиында өңірмізде салынуы тиіс жана мектептердің жобалық-сметалық құжаттарына қатысты сын айтқаны рас. Бозымбаев мырзаның есебінше, дәл сондай 600 орындық мектептің құрылысына 2 млрд теңгенің төңірегіндегі қаржы жеткілікті. Себебі облысымыздың басқа аудандарында осындай қаражатқа бұл көтерген бірнеше жана мектеп бар екен. Сондықтан осы мәселені қайта қарау туралы тиісті орындарға тапсырма берді», — деді Алматы облысы әкімінің баспасөз хатшысы Руслан Ербота.

2019 жылы дәл осы Долан ауылындағы мектеп жасындағы бала саны 1 900 болған. Одан бері ауыл жыл сайын үлкейіп, сәйкесінше тұрғындар саны да өсті. Бүгінде ауылда орта есеппен 2 500-ге жуық оқушы бар. Доланға жана мектеп салына калған жағдайда «сұранысты толық қанағаттандыра ала ма?» деген тағы бір сұрақ туады. Облыстық Білім басқармасындағылар «жана білім ошағы екі ауысымда білім береді» деп отыр. Біздің есеппен бойынша, екі ауысымда бар болғаны 1 200 балаға ғана дәріс өткізу мүмкін болмақ. Қалған 1 300-ге жуық оқушы не істемек? Тағы үш ауысымды мектептердің санын көбейтеміз бе? Бұл мәселеге шенділер қалай қарайтыны тағы белгісіз!.

Нұрболат АДЫРБЕК,
Алматы

Бүгінде елді мекендердің еңсесін тіктеп, өндірісін өрістету бағытында аз жұмыс атқарылып жатқан жоқ. Алайда әлі де болса шалғай ауылдарда шешімін таппаған мәселелер шаш етекпен. Тіпті, жылдар бойы «Бауын тапса, байлауын таппай» келе жатқан түйткілдер баршылық. Міне, сондай өзекті мәселенің бірі — Жамбыл облысы Мойынқұм ауданында құрылысы сағызша созылған гидроқондырғының жайы.

Әкім ауысады, МӘСЕЛЕ ҚАЛАДЫ



«ІС БІТТІ, ҚОЯН ЗЫТТЫ»

Негізі, ағысы асау Шу өзенінің суын ауыздықтап, ауданға қажетті мөлшерін ғана бағыттау үшін жылда мойынқұмдықтар құмнан бөгет тұрғызып келген болатын. Алайда миллиондаған қаржыға тұрғызылған бөгетті көктем келе су шайып кететін. Осыған орай 2014 жылы жергілікті билік гидроқондырғы салу туралы шешім қабылдады. Мердігер құрылысты дер кезінде бітіргенімен, жыл өтпей қондырғы істен шығып, миллиондаған қаржы суға кетеді. Бұл мәселе сол кезде облысты басқарған Кәрім Көкірекбаев жігі бақылауына алып, тіпті өзен басына журналистерді апарып, мердігердің қондырғыны қайта қалпына келтіру туралы уәдесін алды. Алайда сол уәде айтылған жерінде қалып, құрылыс қайта қолға алынбайды.

2018 жылы аймақ тізгінін Асқар Мырзахметов ұстағанда аталған гидроқондырғыны қайта салу сметасын жергілікті билік 900 миллион теңге деп көрсетті. Бірақ Асқар Исабекулы бюджет қаржысын үнемеуді басты орынға қойып, жоба құнын жарты есе түсірді. Әкімнің талапты тапсырмасын жауаптылар екі етпей орындауға келіскенімен, екі жылда тағы ештеңе бітпеді.



Биыл бұл мәселемен облыстың қазіргі әкімі Бердібек Сапарбаев бетпе-бет келіп отыр. Әрбір жиын сайын ағын судың мәселесін бірінші орынға қоятын Бердібек Машбекулына бұл гидроқондырғының құрылысы бас ауруға айналып отырғаны анық. Себебі біріншіден, құрылысқа қажетті қаржының көлемі қомақты. Екіншіден, обаста гидроқондырғыны салған мердігер «іс бітті, қоян зыттының» керін келтіріп кеткен. Сондықтан су сұрап, шырыл қалған шаруаларға басу айту үшін жана гидроқондырғы салу Бердібек Сапарбаевтың арқасына жүк болып отыр.

Негізі, бұл мәселе облыс әкімінің жігі назарында тұр. Күні кеше аймақ басшысының орынбасары Рүстем Даулет ауданға жұмыс сапарымен келіп, су шайып кеткен гидроқондырғының көзбен көрді. Сондай-ақ Рүстем Рысбайұлы Радай өзеннің бойындағы апатты жағдайда тұрған көпірге де ат ізін салды. Ауданда қазір гидроқондырғын бөлек, Радай көпірінің құрылысы да өзекті болып тұр. Өйткені өзеннің арғы бетінде қалған 80-ге жуық шаруашылық көпір арқылы өте алмай, жанақайын білдіріп отыр.

Радай көпірінің құрылысына шамамен 600 миллионнан аса қаржы қажет. Алайда облыс әкімдігі бұл соманың көп екенін айтып, қазір арзан көпірдің жобасын жасады. Бірақ бізге Радай көпірін салмас бұрын гидроқондырғының жөндеп алуымыз қажет. Өйткені су реттегіш гидроқондырғы болмаса қанша жерден көпір салса да оны су шайып кетеді. Сондықтан біз ең бірінші гидроқондырғы салып беруге өтініш жасап жатырмыз. Оған шамамен 704 миллион теңгеді ақша керек», — дейді Мойынқұм ауданы әкімінің орынбасары Жақсыбек Исаков.

ШАРУАЛАР НЕГЕ ШЫРЫЛДАЙДЫ?

Жақсыбек Сағынбекулы нысанның мемлекеттік сараптама-сын 2017 жылдан бері созып келе жатқан «Пана» ЖШС-мен қазір соттасып жатқанын да айтты.

Серіктестік сот шешімімен жобаны сәуір айында мемлекеттік сараптамадан шығарып беруге міндеттелген көрінеді. Міне, осыдан кейін гидроқондырғының құрылысына қатысты мәселе де қозғалыс болатын секілді.

Қазір Шу өзенінен бастау алатын Радай су айдынына 5 елді мекеннің күні қарап отыр. Мұндағы халықтың дені бау-бақша өнімдерін еккенімен, оларға да ағын су қажет. Сондықтан көктем келе шаруалар Шу өзенінің арнасына көз тігуде. Ал өзенде гидроқондырғы болмағандықтан, су қазір тек табанында жағыр. Мұндайда ауданның ауыл шаруашылығы саласы өркендейді деп қалай айта аламыз?

Мойынқұмдықтардың жағдайымен Парламент Мәжілісінің депутаты Мейрамбек Төлепбергенов да танысып қайтқан.

«Ағысы қатты Шу өзені суын реттегіш Радай өзенінің гидроқондырғысы 2014 жылы салынған болатын. Ауылдардың жайылымы мен шабындығын суландырып, тіршілік жасауға көп мүмкіндік жасауды көздейтін осы гидроқондырғы құрылысына 350 миллион теңгеден астам қаржы жұмсалған. Алайда бұл гидроқондырғы арада бір жыл өтпей жатып-ақ істен шығып қалады. Шу арнасы су толып,

қатты акты ма, қондырғыны қопарып, шайып кетеді.

Айқай-шу болады. Мердігер бар, басқасы бар, табиғи апат делі. Сапасы да сығна ілікті. Енді бұл гидроқондырғыны қайта салу мәселесі күн тәртібінде тұр. Жоба бойынша 704 миллион теңге қаржы көзделген. Мойынқұм ауданының бір өзекті мәселесі — осы. Мұндай нысан керек екенін айтады мамандар. Бірақ сапалы, мықты, берік болуы керек», — деп депутат әлеуметтік желідегі парақшасында өз ойын білдірді.

Жазбаны оқыған мойынқұмдықтар бұл мәселенің жыр болып келе жатқанына 10 жылдың жүзі болғанын, Радай көпірі апатты жағдайда тұрғандықтан, шаруалар 25 шақырым жерді айналып өтуге мәжбүр екенін толассыз жазды. Сондай-ақ облыс пен ауданда қанша әкім ауысса да, мәселе сол күйі қалатынын да жұрт жеткізді. Тіпті, сапасыз құрылыс үшін жауаптыларды құқық қорғау органдары тексерсе де, олар кінесіз болып шығатынын ашына айтқандар болды. Соңыра көпшілік халық қалауысынан бұл мәселені Парламент мінберінде көтеруді сұрады. Өз кезегінде Мейрамбек Мылтықбайұлы бұқараның басына елеусіз қалмайтынына сендірді.

P.S.

Міне, мойынқұмдықтардың жаныайқаны — осы. Талай жылдан бері құрылысы сағызша созылып, жыр болып келе жатқан гидроқондырғы мен көпір салып беругін сұрайды. Себебі негізгі тіршілік көзі ауыл шаруашылығы саласы саналатын өлкеде ағын суыс өмір сүру мүмкін емес. Сондықтан Жаз-ата ауылы халқының үні Парламент мінберіне жетіп, жақын арада бір шешімін табады деп сенеміз. Әйтпесе жергілікті билік нысанның жобасы мен сметасын бекітеміз дегенше тағы 10 жыл өтетін түрі бар.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Бектауатаға қауіп төніп тұр



(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар бала сүюге зар болған әйелдер де осында келіп, зиярат еткен. Бектауата үңгірінен ағатын су қайнары шипалы саналады. Ал көмекке зәру халық міндетті түрде сұрағанын табады деп есептеледі. Ұлы дала жаунарын індете бертетеген ғалымдардың сөзінше, Бектауата атылмай қалған жанартау көрінеді. Бектауата тауы ірі тұйрышты гранитоидтардан түзілген. Солтүстік-батыс шеті Қонырқұлжа мен Қарашоқы шоқылары эффективті жаныстардан тұрады. 1982 жылдан бастап Солтүстік Балқаш өңіріндегі республикалық маньдағы ботаникалық қорық Бектауатада құрылды. 30-ға жуық бұлағы болған. Қазір олардың көбі тазаланбағандықтан, көзі бітеліп, онға жуығы ғана ағып жатыр.

1938 жылы әлемді таңғалдырған зерттеуші В.Селевин Бетпақдала экспедициясын жүргізіп, соның барысында жылман кеірушісін тапқан. Содан ол «Селевин жалманы» аталып кеткен. Түн жануарының негізгі мекені — Бектауата бөктері. Бұдан бөлек, бұл жерде арқардан бастап, анның бірнеше түрі бар. Өсімдіктердің 100-ге тарта түрі кең таралған, олардың 45-і сирек кездесетін болса, 8-і Қызыл кітапқа енгізілген. Бектауата тауының күнбағыс тұсында 80-100 метр биіктікте әлем туристерінің назарын аударған үлкен үңгір бар. Үңгірдің жалпы ұзындығы 45-48 метрге жуықтайды. Оған тас қорымы арқылы шығады. Қіреберіс қуысының биіктігі — 3, ені — 1,5 метр. Онда 15-16 метрге дейін еш қиындықсыз кіре аласыз. Бұдан кейінгі бөлігі, яғни 29 метрден әрі

үңгір түбін терең көлшік алып жатыр.

Жергілікті тұрғындар Бектауата-ны «Әулиетау» деп те атайды. Бұл таудың атауына, қасиетіне байланысты ел аузында аңыздар көп. Біреулері Бектау ата және Беғазы деген екі әулие панаалаған жер десе, ал бірі Асан қайғы бабамыз аялдап, «Бектауата» деп атау берген деген аңыз бар. Тағы бір аңызда жауыннан қашқан Атабек есімді кісі осы таудағы үңгірге жасырынды қалады. Ары-бері іздеген дұшпандары оны таба алмай, кері қайтыпты. Құдайдың құдіретімен сол үңгірдің ішінде мөлідрі бұлақ пайда болған деседі. Жергілікті журналист Қуандық Сәденов: «Қазақстан өңірлеріне картография жүргізілген кезде Әулие ата атауының өзгеріп кететінінен қорыққан бір қария Бектау деп айтып жіберген. «Бек» деген сөздің өзі ерекше, тұлғалы мағынасында қолданғандықтан, таудың басқалардан өзгеше болғанынан да осы атау лайық деп тапса керек. «1993 жылы жарық көрген «Қазақ бақы-балгерлері» деген кітаптың 43-бетінде «... Бектау-ата Бек ата, Бекіш-ата, қолдай көр...» деген бақсы сарыны бар. Мұндағы «Бектау-ата Бек ата» осы әулие болуы өлден мүмкін. Бұл жағы әлі зерттелмеген», — деп жазды.

ДАУ НЕДЕН ТУДЫ?

Екі жыл бұрын «Балқаштың жанындағы Бектауата тауының шоқыларын қазып жатыр» деген ақпарат таралды. Әлеуметтік желіде таралған хабарламада тарихи нысанның шоқыларын «Қарағанды — Балқаш» күрежолының құрылысы үшін бұзып жатқаны, сонымен қатар

ол мандағы ескі қорымдардың да қазылып тасталғаны айтылды.

Бірнеше рет Facebook желісінде дабыл қаққан Төлеубек Дөненбаев есімді қолданушының жазуынша, жол салушы кәсіпорын Бектауата-ның солтүстік-батыс сілемі — Қонырқұлжа шоқысын бұзып, сол мандағы бабаларының мазарын жермен-жексен кылған. Осы ақпарат желі қолданушыларының наразылығын туғызды. Жұртшылық тарихи нысанды қорғауды талап еткен пікірлер жариялады.

Сонымен қатар ол Қонырқұлжаның етегінен басталған қазу жұмысы үлкен аумақты алып жатқанын жеткізген. «Қолымызда өлпегіш құралымыз болмаған соң, қазылған жерді алдымдап өлпеш шықтық. Ені — 55 қадам, ұзындығы — 70 қадам, ал биіктігі 10 метрге жуықтайтын тау жаныңысы қазып алынған. Тұрғындардың айтуынша, осы манайда ашаршылық жылдары қайтыс болған адамдардың тас бейіттері болған көрінеді. Біз көргенде айтылған жер тып-тыпыл болып жатты. Сұрастырып білесек, осыған дейін бұл жер «Айтас-2002» ЖШС еншісінде болыпты. Кейін уәскенің шаруа қожалығы мемлекетке өткізілген», — деген болатын Нұрдос Көрім.

Бір қызығы, бір топ журналист, белсенділер барғаннан, шоқының жоғары бөлігінде бұрғылау жұмыстары тоқтамаған. Бір күнде таңғы сағат 08.00-ден 15.45-ке дейін 61 рейс жасалған. Әр жүк көлігі 27 тоннадан 32 тоннаға дейін тау жынысын артып әкелген. 61 рейсті 27 тоннадан есептегеннен өзінде 1 647 тонна тау жынысы тасымалданған...

БИЛІМ ҚАЙТА БАСТАЛДЫ МА?

Жақында Бектауатаға қайта қауіп төніп тұрғаны туралы ақпарат қайта таралды.Тараған ақпаратқа сүйенсек, алматылық «Дәнекер Жол» ЖШС 2022-2023 жылдары жол құрылысына тау сілемінен 1,5 миллион тонна тас алу үшін 500 тоннадан астам жарылғыш затты қолдануды жоспарлап отыр. Ол үшін жергілікті тұрғындармен кездесіп, сонымен қатар, әлеуметтік желі арқылы қоғамдық тыңдау өткізетінін хабарлаған. Экологтердің айтуынша, жоспарланған жұмыстар жүзеге



Головкин «Канеломен» күзде жұдырықтасады

Орта салмақтағы әлем чемпионы Геннадий Головкин мен супер орта салмақтағы абсолют чемпион Саул «Канело» Альварес үшінші жекпе-жекке келісті.

Карсыластар жұдырықтасуды 17 қыркүйекке жоспарлап отыр. Айкас екінші орта салмақ лимитінде болады. Шоу Лас-Вегаста өтуі мүмкін, бірақ бірнеше өңір өтініш берген.

Екі боксшы да үшінші кездесудің алдында көктемгі жекпе-жектерін аяқтау тиіс: Головкин 9 сәуірде WBA Super әлем чемпионы Риота Муратамен, ал «Канело» 7 мамырда Дмитрий Биволмен кездеседі.

Наима НҰРӘЛІ

Түркиядан жеңіспен оралды

Астаналық жас футболшылар Түркиядан өткен халықаралық турнирден жеңіспен оралды. Аталған сында 10 футбол командасы өзара бақ сынасқан.



«Бұл мен жаттықтырып жүрген балалардың алғашқы халықаралық жарысы. Және олар бірден чемпион атанды. Футболдан турнир 2011 жылы туған жасөспірімдер арасында өтті. Балалармен бірге Түркиядан 10 күндей болып, жаттығу өткізіп, бақ сынадық. Ойындағы біздің басты қарсыласымыз түрік футбол командалары болды. Негізі, қатысушы-

лардың саны көбірек болған. Соңғы жағдайларға байланысты Ресей, Украина және басқа да елдердің командалары жарыстан бас тартты», — деді Нұр-Сұлтан қаласы олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт мектебінің жаттықтырушысы Ербол Жайлаубеков.

Н.НҰРӘЛІ

«Тобыл» тағы да ТОП ЖАРА МА?

5 наурызда футболдан Қазақстан Премьер-лигасының кезекті маусымы басталады. Маусымаралық үзілісте оқу-жаттығу жиынындағы ойындарында ойдағыдай өткізіп, құрамы жаңартқан 14 команда 26 тур бойы жасыл алаңда ала доп бөсекесін қыздыруға дайын.

Абылайхан ЖҰМАШ

Алғашқы турда «Ордабасы» мен «Мақтаарал», «Астана» мен «Шахтер», «Атырау» мен «Аксу», «Каспий» мен «Қызылжар», «Тұран» мен «Тараз» командалары кездеседі. Ертесіне «Қайрат» пен «Ақтөбе» және «Тобыл» мен «Ақжайық» арасындағы бөсекесіне куә боламыз. Әсіресе, футбол жанкүйерлері Алматының Орталық стадионында өтетін «Қайрат» пен «Ақтөбе» арасындағы ойынды асыға күтіп жүр. Өйткені қос клуб арасындағы ойын әрқашан таласқа, тартысқа толы болады.

Айтпақшы, ел біріншілігіндегі маңдайалды ойын алдында былтырғы чемпион «Тобыл» мен Қазақстан кубогының жеңімпазы «Қайрат» командасы «Астана Арена» стадионында Суперкубок жүлдесін сарапқа салып үлгерді. Финалдық ойында 2:1 есебімен жеңіске жет-

кенді. Былтыр күміс жүлдегер атанған «Қайрат» командасы құрамы өзгерсе де біріншіліктің алтын жүлдесіне қол жеткізуге тырысады. 2021 жылғы қолы қанағат тұтқан «Астана» 2022 жылғы маусымда ел чемпионы атану үшін барын салады.

Қостанайлық «Тобыл» үшін маусым сәтті басталды. Енді осы жүрісінен жаңылмаса ел біріншілігінде де, еурокубоктық ойындарда да атой салуы мүмкін. Әзірге Москвадан футболшылары бапкердің тек бір тапсырмасын ойдағыдай орындады. Алда көптеген ойын бар, маусым да өте ұзақ. Араға 10 жыл салып ел чемпионы атанған «Тобыл» келесі жылы Чемпиондар лигасының іріктеу кезеңінде сығға түседі. Еурокубоктық бөсекесінің топтық кезеңінде ойнауға мүмкіндігі жоқ емес.

Ал осы жылы Құрбан Бердыев футболшылары жастарға сенім артады. Қымбат легионерлермен қош айтысып, оның орнына мәскеулік «Қайрат» клубынан бірнеше ойыншы алдыртты. Мұндай өзгерістерден соң «Қайраттың» жаңа маусымда чемпиондыққа таласуы, Конференция лигасында сәтті өнер көрсетуі сөйтіспей. Бес дүркін ел чемпионы елордалық клубтың да құрамы былтырғы жылмен салыстырғанда мықты емес. Бірақ үздік легионерлерін жібергеннен, дер кезінде орнына басқа сапалы футболшылар алды. Бас-




кен қостанайлық ұжым екінші жыл қатарынан жаңа маусымды жүздемен бастады. Бұл — Москвадан футболшылары үшін үлкен жетістік. Бұған қоса, «Тобыл» футболшылары осы жеңісінен кейін 27,5 миллион теңге сыйақыға ие болды. Ал финалда бақ сынаған алматылық команда 12,5 миллион теңгені еншіледі.

Биылғы маусымның артықшылығы, осы жылы чемпиондыққа таласатын командалар қатары арта түсті. Клубтардың да деңгейі қарайлас. «Қайрат» пен «Астанаға» бөсекелес болатын командалар қатарына кейінгі бір-екі жылдықта «Тобыл» командасы қосылды. Өткен жылы араға 10 жыл салып қайта чемпион болған қостанайлық ұжым осы жылы сол жетістіктерін қайталағысы келеді. Бір кездері еліміздегі ең үздік клубтардың бірі болған «Ақтөбе» командасы да құрамын жаңартып, күшейткен соң осы жылы жүлдеге таласатындардың тізімі-

тысы, «Астана» команданың негізгі ойыншысы Марин Томасовты сақтап қалды. Енді олар жаңа бапкермен, жаңа құраммен жүлделі орынға таласып көрмек.

Қазақстан Премьер-лигасының көрігін қыздыратын командалардың шама-шарқын алғашқы турда бағамдай жатармыз. Біріншілік басталар шақта футбол мамандары 14 қатысушыға қандай баға берді, ең алдымен соған зер салып көрелік.

— Көпшілік үшін жаңа маусымда қай команда чемпион болатыны, қай клубтардың жүлдеге таласатыны, «Аксу» мен «Мақтааралдың» Қазақстан Премьер-лигасындағы дебюттік ойыны қалай болары, еурокубоктық бөсеке қатысушыларының аталған доладағы аяқалысы немен ақталатыны қызық. Менің ойымша, «Қайрат» пен «Астана» еурокубоктық ойындардың үшінші кезеңінен ары аса алмайды. «Қызылжардың»



бұл турнирде өнер көрсетуінің өзі жетістік болмақ. Ал ішкі біріншілікке келер болсақ, «Тобыл», «Астана», «Қайрат», «Ақтөбе» төрттігі арасында чемпиондыққа талас жүруі мүмкін. Биыл жергілікті жастарға сенім артып, легионерлерсіз ойнайтын «Ордабасының» төменгі дивизионға түсіп қалу қаупі жоғары. «Ақжайық», «Тараз», «Каспий», «Аксу» да бірінші лигаға кетіп қалмауға тырысады. «Шахтер», «Тұран», «Атырау» турнирлік кестенің ортасында жүретін шығар, — дейді спорт журналисі Қуаныш Қаппас.

Спорт комментаторы Елдар Аманбаев осы жылы ел біріншілігін тағы да «Тобыл» жеңіп алады деп болжам жасады.

— Біздің лигада әр маусым сайын тұрақты 2-3 фаворит болады. Былтыр «Қайрат», «Тобыл», «Астана» көпшілік назарында болған. Биыл да осы үш клуб ел чемпионы атағын сарапқа салуы тиіс. «Тобылдың» чемпиондыққа қорғап қалуға шамасы жетеді. Бірақ тағы бір маңызды фактор бар, ол — еурокубоктық бөсеке. Егер «Тобыл» екі фронтта да жақсы ойнай алса, алтын алуына да мүмкіндік жоқ емес. «Астана» мен «Қайрат» алтынға үміткер клуб қатарында, бірақ қостанайлық ұжым олардан бір бас жоғары екенін ұмытпауымыз керек.

«Мақтааралды» білмеймін, бірақ «Аксу» құрамын жақсы ойыншылармен толықтырды. Тәжірибелі қорғаушы Гафуржан, үздік жартылай қорғаушы Әбікен, алғы шепте бірінші лиганың сүрмегері Тұрлыбек барда команда турнирлік кестенің ортасында жүре алады. «Мақтаарал» болса дебюттік маусымда чемпионаттағы орнын сақтап қалуға тырысады. Жүлделі орындардан «Шахтер» мен «Ақтөбе», «Қызылжар» командасы да үмітті, — дейді Елдар Аманбаев.

Футбол мамандарының пікірі — осындай. Анығын, алдағы ойындар көрсете жатар. Жүлделі орындардан барлық команда да дәмелі. Мақтаулы ұжымдар маусым бойы жақсы ойын өрнегін көрсете алса, ұпайдан шашу шығармаса диттеген максаттарына жете алады. Өған өткен маусымдардағы «Тобылдың» жетістігі дәлел. Ең маңыздысы, санаулы күннен соң елімізде Қазақстан чемпионатының 2022 жылғы жаңа маусымы басталады. Жасыл алаңда жанкүйерлерге керемет эфмоция сыйлайтын, жеңісін қуантатын отандық командаларға сәттілік серік болғай.

TIJI, NICKELODEON қазақша сөйлейді

Tiji, Nickelodeon арналарының балалар контенті қазақ тілінде жарық көреді. Бұл туралы Ақпарат және қоғамдық даму министрі Асқар Омаров мәлімдеді.

«Былтырдан бастап өскелең ұрпақты, әсіресе оқушыларды және мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуге басымдық бердік. «Ұлттық тәрбие», Tiji және Nickelodeon арналарының балалар контентін қазақ тіліне аудару секілді ауқымды жобаларды жүзеге асырып жатырмыз. Басты бағытымыз — «Ұлттық рухани жаңғыру» және Жол картасы жобаларын сапалы іске асыру. Бұл мемлекеттік тілді дамытуға, ұлттық мәдени



кодты сақтауға және ілгерілетуге, жастардың жан-жақты дамуы мен өзін-өзі танытуына бағыт-

талған», — деді министр А.Омаров.

Наима НҰРӘЛІ

Паралимпиадаға қатыспайды

Халықаралық паралимпиада комитеті шешімін өзгертіп, ресейлік және беларусь спортшыларына Бейжіндегі Паралимпиада ойындарына қатысуға тыйым салды. Бұл туралы ХПК баспасөз қызметі мәлімдеді.

Сәрсенбі күні ХПК Ресей мен Беларусь спортшыларына ойынға бейтарап мәртебеде қатысуға рұқсат берген еді. Шешім ХПК алқасының арнайы шақырылған отырысынан кейін өзгертілді.

«Соңғы 12 сағат ішінде бізге көптеген қатысушы хабарласып, ойын ашық айтты. Мен бұған ризамын. Олар бізге шешімімізді қайта қарастырмасақ, оның Бейжіндегі Паралимпиада ойындарына кері әсері тиюі мүмкін екенін айтты. Бірнеше ұлттық паралимпиада комитеті ол жағ-



дайда жарысқа қатыспайтынын айтып наразылық білдірді», — деді ХПК президенті Эндрю Парсонс.

28 ақпанда Халықаралық Олимпиада комитеті халықаралық спорт федерацияларына Ресей мен

Украина арасындағы жағдайға байланысты Ресей және Беларусь спортшыларының халықаралық жарыстарға қатысуына жол бермеуді ұсынды.

А.ЖАСАНҰЛЫ



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор — Бақытжан ТҰРАЛЫБЕКОВ
Бас редактор — Нұрмұхамед БАЙҒАРА
Амангелді ҚҰРМЕТ — Бас редактордың бірінші орынбасары
Гүлзина БЕКТАС — шығарушы редактор
Асқар БЕК — веб-сайт редакторы
Елдар ҚАБА — секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ — Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК — Алматы қаласы
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ — Атырау облысы
Саятхан САТЫАҒАН — Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГҒАЙҰЛЫ — Қарағанды облысы
Назғұла НАЗАРБЕК — Шымкент қаласы
Роза ШӨКЕН — Солтүстік Қазақстан облысы
Азамат ҚАСЫМ — Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(777) 573 96 16
podpiska.alf@gmail.com

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4084
Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй
Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әмітқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114